БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 162 (9480) ‖ 1954 жылғы 15 август Жексенбі ‖ Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССР ОДАҒЫ МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ МЕН СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ:

Картопқа, овощьқа және жеміске маусымдық бөлшек сауда бағаларын енгізу және өсімдік майына, овощь консервілеріне мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын кеміту туралы (1-бет).

А. Қазиев. — Айлық жоспар артығымен орындалуда. (1-бет).

Топырақты өңдеу мен егін егудің ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуға көмектесетін әдістері туралы (2-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **П. Егоров.** —Партия ұйымдарының жаңа оқу жылындағы міндеттері (3-бет).

БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ: **Д. Удачин.**— «Сибирь» павильоны (3-бет).

ЕГІНДІ ЕҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ ЫСЫРАПСЫЗ ЖЫЙНАП АЛАЙЫҚ! **З. Қаскеев.** —Астық ысырабына қарсы күрес нашар жүрсе. **А. Жолдығарин.** —Егін жыйнау қызу жүргізілуде (3-бет).

И. Дудинский. —Халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің маңызды шарты (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Мәдени-ағарту мекемелерінің егін орағы кезіндегі міндеттері

Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі кәзіргі таңдағы келелі міндет етіп алға қойған ауыл шаруашылығының негізі —астық шаруашылығын шұғыл арттыру күресінде облыс еңбекшілері зор табысқа ие болып отыр. Олар быйылғы жылы бітік егін өсіріп, оны деркезінде және ысырапсыз жыйнауға қызу қарқынмен, зор еңбек өрлеуі үстінде кірісті.

Егінді деркезінде және ысырапсыз жыйнау, сөйтіп, мемлекет алдындағы бірінші парыз —астық тапсыру жоспарын мерзімінде орындау —аса жауапты және абройлы міндет. Ал, бұл абройлы міндетті орындауға белсене қатынасу әрбір совет азаматының тікелей борышы болып табылады. Бұл маусымда ауыл-село еңбекшілерімен қатар, селолық және қалалық мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлеріне: мәдениет үйлері мен клубтардың, оқу үйлері мен кітапханалардың меңгерушілеріне, киномеханиктері мен жылжымалы киноустановкалардың моторшыларына да зор жауапкершілік жүктелген. Егін орағы кезінде олар егіншілердің мәдени қажетін өтеу үшін ерекше қамқорлық жасаулары, ол үшін саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының барлық формалары мен әдістерін кеңінен және тиімді пайдаланулары керек.

Саяси- бұқаралық және мәдени- ағарту жұмыстары қай жерде кәзіргі талаптарға сай, кең көлемде мазмұнды жүргізілсе, сол жерде өндірістік табыстардың көрсеткіштері де жоғары болатындығы тәжрибеде дәлелденіп отыр. Шындығында, шаруашылық жұмыстарды ешуақытта саяси- бұқаралық жұмыстардан бөліп алуға болмайды.

Облысымызда өздерінің қажырлы еңбектерімен үкмет пен партия алға қойған бүкілхалықтық міндет — ауылшаруашылығын шұғыл өркендету күресіне келелі үлес қосып жүрген мәдени- ағарту мекемелері аз емес. Бұған мысал ретінде Пресснов аудандық мәдениет үйін алуға болады. Бұл мәдениет үйінің коллективі ауыл шаруашылығы еңбекшілерін мәдени қамтуда ойдағыдай еңбек етіп жүр. Олар көктемгі егіс және жемшөп қорын дайындау кезінде ауданның барлық колхоздары мен совхоздарында болып, оларда 100-ге тарта концерттер беріп, ойындар көрсетті. Мәдениет үйінің үгіт- мәдени бригадасы еңбекшілерге лекция, баяндамалар жасау, түрлі тақырыптарда әңгіме өткізу, демалыс кештерін ұйымдастырып, қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығаруға көмектесуді өз ісінің әдетіне айналдырды. Аудандық мәдениет үйінің бұл игілікті бастамасын Николаевка селолық клубының, Молотов атындағы ауылшаруашылық артелі көркемөнерпаздар коллективінің мүшелері қызу қолдады. Аудандағы мәдени-ағарту мекемелерінің бұл сыяқты игілікті істері шаруашылық жұмыстардың деркезінде және ойдағыдай орындалуына өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Өйткені, мәдени- ағарту мекемелерінің қызметкерлері ауылшаруашылық еңбекшілерін ұлтілі түрде мәдени қамту арқылы оларды партия мен үкмет алға қойған міндеттерді орындау күресіне біркісідей жұмылдыруда жергілікті партия ұйымдарының сенімді көмекшісі бола білді.

Дегенмен, әлі де болса өз жауапкершіліктерін жете түсінбей, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресінде партия, совет ұйымдарының көмекшісі дәрежесінде бола алмай отырған мәдени -ағарту мекемелері жоқ емес. Мұндай мекемелердің мысалы ретінде Ленин ауданындағы аудандық мәдениет үйінің жұмысын алуға болады. Бұл мәдениет үйінің коллективі өз жұмыстарын тек қана аудан орталығында жастар үшін мәдени кештерін ұйымдастыр-

ССР Одағы Министрлер Советі мен Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінде

Картопқа, овощьқа және жеміске маусымдық бөлшек сауда бағаларын енгізу және өсімдік майына, овощь консервілеріне мемлекеттік бөлшек сауда бағаларын кеміту туралы

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті кеш пісетін картоп, овощь және жемістерге кәзіргі бөлшек сауда бағалары бойынша сатудың маусымдарын дифференцацияламастан және сақтау жөніндегі шығындарын есепке алмастан бүкіл жыл бойына белгіленген кәзіргі қолданылып жүрген бөлшек сауда бағалары колхоздарды, совхоздарды және сауда ұйымдарын осы өнімдерді қысқы-көктемгі кезде сақтауға және бүкіл жыл бойына көп мөлшерде біркелкі сатып тұруға жеткілікті дәрежеде ынталандырмайтындығын, мұның өзі мемлекеттік сауда тарапынан колхоз рынокторындағы бағаға экономикалық ықпал жасауды босаңсытуға әкеліп соғатындығын, сонымен қатар осы өнімдерді қысқы уақытқа сақтауға мүмкіндігі бар тұтынушылар картоп, овощь және жеміс сақтауды жағдайластырмайтындығын атап көрсетеді.

Колхоздардың, совхоздардың және сауда ұйымдарының картопты, овощьтарды және жемісті қысқы-көктемгі кезде сақтауға және оларды бүкіл жыл бойы біркелкі сатып тұруға ынталандыру, сонымен қатар осы өнімдерді қыс кезінде сақтауға мүмкіндігі бар тұтынушылардың картоп, овощь және жемістерді сақтауға жағдайластыруы мақсатымен ССР Одағы Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті қаулы етті:

1. 1954 жылдың картоп, овощьтар және жемістер өніміне екінші өнір үшін мынадай маусымдық бөлшек сауда бағасы енгізілсін.

(1 сортының 1 кг үшін сом және тыйын есебінен)

	20 сентябрьден 1 ноябрьге дейін	1 ноябрьден 1 мартқа дейін	1 марттан
Кеш пісетін картоп	0,45	0,60	0,80
Кеш пісетін іріктеліп алынған картоп (пакетте 3 кг буып-түйілген, бір пакетіне)	2,00	2,40	3,00

	6 октябрьден 1 ноябрьге дейін	1 ноябрьден 1 мартқа дейін	1 марттан
Басты пияз	1,75	2,00	2,30
Кеш пісетін жас капуста	0,70	1,00	1,40
Кеш пісетін сәбіз	0,65	0,95	1,20
Екінші топтағы алмалар	3,20	5,00	5,50	6,00
Үшінші топтағы алмалар	2,60	4,00	4,50	5,50
Бірінші топтағы алмұрт	4,80	6,50	7,50	8,00
Екінші топтағы алмұрт	4,20	6,00	6,50	7,00
Үшінші топтағы алмұрт	3,50	5,00	5,50	6,00

	15 октябрьге дейін	15 октябрьден 1 декабрьге дейін	1 декабрьден
Бірінші топтағы жүзім	9,00	9,50	11,00
Екінші топтағы жүзім	6,60	8,00	8,50
Үшінші топтағы жүзім	4,80	6,50	7,00

	1 октябрьден 1 февральға дейін	1 февральдан
Апельсиндер	11,00	16,50

	1 октябрьден 1 январьға дейін	1 январьдан
Мандариндер	7,00	9,50
Лимондар (біреуіне)		
Диаметрі 70 мм және онан жоғары	5,50	5,00
70 мм кем 60 мм дейін	3,50	3,00
60 мм кем 51 мм дейін	2,75	2,25
51 мм кем 45 мм дейін	2,00	1,50
45 мм кем 42 мм дейін	1,25	0,75

	1 апрельден 1 октябрьге дейін	1 октябрьден
Банандар	9,50	11,00
Ананастар	15,40	16,50

	15 августқа дейін	15 августан 15 сентябрьге дейін	15 сентябрьден 15 октябрьге дейін	15 октябрьден

Ауыл-селода құрылыс жұмыстары тез және сапалы жүргізілсін

Кәзір ауыл шаруашылығы жылының аса жауапты және шешуші кезеңі туды. Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр.

Жергілікті партия, совет ұйымдары және ауылшаруашылық органдары егін жыйнау, астық дайындау сияқты аса маңызды науқанды ең қысқа мерзімде табысты өткізумен қатар, басқа ауылшаруашылық жұмыстарын да кенже қалдырмай, оларды бір-бірімен тығыз ұштастыра жүргізуге тиіс. Міне, мұндай науқанның бірі—ауыл селодағы құрылыс жұмыстары болып табылады.

Партиямыз бен үкметіміз ауыл- селода құрылыс жұмыстарына деп жыл сайын мол қаржы бөліп отыр. Үстіміздегі жылы облысымыздың МТС-терінде, колхоздары мен совхоздарында, әсресе тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізіледі.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы шаруашылықтары басқа ауылшаруашылық жұмыстары сияқты тұрғын үй, мастерскойлар, қоймалар, клуб, кітапхана, мектеп, медициналық пункт, монша және басқа да құрылыстарды салуды ойдағыдай жүргізіп келеді. Мұндайлардың қатарына жаңадан ұйымдастырылған Маленков атындағы совхозды қосуға болады. Совхоз басшылары құрылыс жұмыстарына қажетті материалдарды жеткілікті дайындап, совхоз орталығын көркті селоға айналдыру ісін ерте қолға алды. Мұнда өткен жаз айларының ішінде 35 тұрғын үй салынуға тиіс болса, кәзір одан 32 үйдің құрылысы бітіп, пайдалануға берілді.

Жұмысшылар үшін тұрғын үйлер мәдени- тұрмыс орындарын салу жаңадан ұйымдастырылған Жданов атындағы совхозда да қызу қолға алынған. Мұнда совхоз жұмысшылары үшін ондаған бір ұлтілі әдемі үйлер салынып, пайдалануға берілген.

Быйыл Ленин ауданындағы Образцовая МТС-і жаңа жерлерді игеруге байланысты құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізуде. Кәзір мұнда жұмысшылар тұратын 12 үй салынды. Ал, Асанов МТС-інде 24 трактор сыятын жаңа гараж, қосалқы бөлшектер сақтайтын арнаулы қойма салынып, пайдалануға өзір етілді.

Бірақ, құрылыс жұмыстарының қарқыны барлық жерде бірдей бұлай болмай отыр. Бірқатар МТС-тер мен совхоздардың сондай-ақ, колхоздардың басшылары жұмыстың бұл сияқты аса маңызды участогына жеткілікті көңіл бөлмей, оны төзгісіз артта қалдырып келеді. Соның салдарынан көптеген шаруашылықтар құрылыс жұмысын жүргізудің аса қолайлы кезеңін —май, июнь, июль айларын босқа өткізіп алды.

Құрылыс жұмыстарының барысы әсресе, Украин совхозында мүлде төзгісіз жағдайда болып отыр. Басқаларын былай қойғанда, мұнда салынуға тиісті 14 тұрғын үйден осы уақытқа дейін неғары 9 үй ғана салынып бітті. Ал, мектеп, клуб, медициналық пункт, монша, нан пісіретін орын сияқты мәдени- тұрмыс орындарының құрылысы мұнда әлі күнге дейін шындап қолға алынған жоқ. Бұл совхозда құрылыс жұмыстарының мұншалықты нашар жүргізілуінің себебі не? Совхозда құрылыс жұмыстары

жеңіп шығарған. Ал, көркемөнерпаздар коллективі көктемгі егіс және жемшөп қорын дайындау маусымы кезінде трактор бригадалары мен дала қоғарында болып, ауыл шаруашылығы еңбекшілерін мәдени қамту ісін ептен шығарған. Мәдениет үйінің басшылары, әсресе, мәдени- ағарту жұмыстарын шаруашылық және саяси- бұқаралық жұмыстармен ұштастыра жүргізуді ойламаған. Соның салдарынан мәдениет үйінің жұмысы қазіргі талаптардың дәрежесіне сай бола алмай отыр. Бұл сияқты өз жұмыстарын жалаң түрде, шаруашылық міндеттерге байланыстырмай жүргізіп отырған мәдени-ағарту мекемелері әлі де болса аз емес.

Социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілерін үлгілі түрде мәдени қамту —зор саяси маңызы бар жұмыс. Сондықтан да, оған жеңіл- желпі, атүсті қарауға болмайды. Мәдени-ағарту мекемелері өз жұмыстарын қазіргі таңдағы алға қойылып отырған шаруашылық міндеттерді орындаудың талаптарына сай дәрежеде жүргізіп отырғанда ғана табыстарға жете алады. Олар егін орағы кезінде егін жыйнауда жұмыс істеп жүрген механизаторлар мен колхозшыларды жан-жақты түрде мәдениетті қамту ісін үлгілі ұйымдастырулары керек. Ол үшін саяси- бұқаралық, мәдени- ағарту жұмыстарының барлық формалары мен әдістерін кеңінен пайдаланулары қажет. Бригада және дала қоғарында еңбекшілердің сауық кештерін ұйымдастыру, түрлі тақырыптарда лекциялар мен баяндамалар жасау, әңгімелер өткізіп, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығарысуға көмектесу, сөйтіп, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеттерін орындаудың дағдыры шешіліп жатқан участоктерде тікелей болып, ондағы қайнаған еңбектің ортасында мәдени- ағарту жұмыстарын кеңінен өрістету —әрбір мәдени- ағарту қызметкерінің төл ісі болуға тиіс.

Рухани дүниесі бай, моральдік дәрежесі жоғары совет адамдарын мәдени қамту зор жауапты жұмыс. Сондықтан да, мәдени- ағарту мекемелері жанындағы көркемөнерпаздар үйірмелері өздерінің концерттері мен ойындарының идеялық мазмұны құнды, көркемдік дәрежесі жоғары болуына жетісулері керек. Әсресе, еңбекшілердің рухани тілегін қанағаттандыратын терең идеялы мәдени қамту бүкілхалықтық міндет— ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне қосылған келелі үлес болып табылады.

Күзгі жыйнау сияқты аса жауапты кезеңде еңбекшілер ортасында мәдени- ағарту жұмыстарын кең көлемде, қазіргі талаптарға сай жүргізу —облыс мәдени- ағарту қызметкерлерінің абройлы борышы. Ал, бұл істе жайбарақаттыққа, немқұрайдылыққа тіпті де төзуге болмайды. Мәдени- ағарту мекемелерінің қызметкерлері, әсресе, трактор бригадалары мен дала қоғарында еңбек етіп жүрген механизаторлар мен колхозшыларды жан- жақты түрде мәдени қамтуға жетісулері керек. Ал, жергілікті партия ұйымдары олардың жұмысына күнбекүн басшылық жасап, ауыл шаруашылығы еңбекшілерін мәдени қамтуда мәдени- ағарту қызметкерлеріне нақтылы көмек көрсетіп отырулары қажет.

Жас патриоткалардың шақыруы бойынша

Ақмола облысының Маринов совхозы комсомол қыздарының тың жерлерге келуге шақырған үндеуі Қазақстан астанасының жас патриоткалары арасында қызу қарсы алынды. Үндеу қаланың фабрикалары мен заводтарының, мекемелері мен оқу орындарының комсомол ұйымдарында талқыланып жатыр.

№ 2 тігін фабрикасында тігіншілер Зоя Казанцева, Татьяна Кунгурцева, Людмила Рудковская және басқалары жаңа совхоздарға барып жұмыс істеуге тілек білдірді.

Трикотаж фабрикасының жас жұмысшы қыздары Лидия Польчук, Зина Козлова, Александра Бочкарова, Мария Захарова, Мария Еременко, Анастасья Морозова, Валентина Сазонова, Анастасия Ермакова жаңа жерге аттануға әзірленуде. Маринов совхозының комсомол қыздарының үндеуіне ауыр машиналар жасау заводының, «XX лет Октября» заводының, № 2 баспахананың, «Ковровщица» артелінің және басқа кәсіпорындардың жұмысшы әйелдері үн қосты. Аудандық комсомол комитеттеріне жас патриоттардан 200-ден аса өтініш түсті.

(ҚазТАГ).

Кеш пісетін қызылша	0,45	0,70		0,90
	6 октябрьден 1 мартқа дейін		1 марттан	
Ашыған капуста		0,85		1,10
	16 августан		1 марттан	
Тұздалған «Неженск» қыярының ұсақ тамыр сабақтары		2,75		3,00
Ірі және жартылай сулы Тұздалған «Неженск» қыяры		2,25		2,50
Тұздалған «водянка» қыяры және қалған барлық ботаникалық сорттар		1,50		1,75
Тұздалған ақшыл және қызыл помидор		1,00		1,75
Тұздалған көкше помидор		0,75		1,00

	15 октябрьге дейін	15 октябрьден 1 декабрьге дейін	1 декабрьден 1 февральға дейін	1 февральдан
Бірінші топтағы алмалар	3,90	6,00	6,50	7,00
Карбыздар	3,00	2,00	1,00	2,00
Орта Азия қауындары	5,00	4,50	2,50	5,00
Басқа аудандардың қауындары	4,00	3,50	2,00	4,00

Басқа өңірлер үшін картоп, овощтар және жемістердің маусымдық бөлшек сауда бағасы екінші өңір бағаларына сәйкес белгіленсін.

2. 1954 жылғы 1 октябрьден бастап өсімдік майының, овощ консервілерінің және зат қалпында тоңазытылған көк бұршақтың мемлекеттік бөлшек сауда бағасы орта есеппен 12,5 процент кемітілсін, сөйтіп, картоп, овощ және жеміске маусымдық баға енгізуден халық көретін шығынның орнын артығымен толтыру қамтамасыз етілсін.

3. Республикалардың Министрлер Советтеріне, республикаға бағынатын өлкелердің, облыстардың және қалалардың еңбекшілер депутаттары Советтерінің атқару комитеттеріне осы қаулыда бағасы белгіленбеген овощқа, жеміс және жидектерге маусымдық бөлшек сауда бағасын овощтар мен жемістердің негізгі түрлеріне белгіленген бағаларға сәйкес белгілеу міндеттелсін, дайындау және сатып алу бағалары, жеткізу, сақтау және сату шығындары есепке алынып, жүргізілсін.

4. Республикалардың сауда министрліктеріне, республикаға бағынатын өлкелік және облыстық сауда бөлімдеріне және қалалардың қалалық сауда бөлімдеріне өнімнің жаппай ерте пісе бастаған аудандарда кеш пісетін картоп пен овощта маусымдық баға енгізудің неғұрлым ерте мерзімін белгілеу правосы берілсін.

Айлық жоспар артығымен орындалуда

Петропавл вагон- жөндеу депосының коллективі вагондарға жылдық, күрделі және жай жөндеуді жүргізу жолындағы күресте өзара және цехаралық социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыстың өзіндік құнын кемітуге, ақаусыз сапалы жұмыс істеуге, сөйтіп, айлық жоспарды мерзімінен бұрын асыра орындау жолында айтарлықтай табыстарға жетті.

Қаз- қатар, біріне- бірі ұласа салынған кең, әрі биік үлкен залдардың ішінде жұмыс қызу жүріп жатыр. Соғылған балғаның дүрсілі мен шабылған балтаның тарсылы, электрдің гүілі құлақ тындырғандай. Вагон депосының аға инженері С. Е. Шевченко жолдаспен бірге біз күрделі жөндеу цехына кірдік. Цехтың іші қызықтыра көз тартады. Оған кірген адам сүйсінбей қарай алмайды: Зал ішін басып өткен темір жол үстінде арақашықтығы 5 метрден 3 вагон жөндеуге келіп тұр. Әр вагонға бөлінген 4 адамнан құрылған үш звено жұмыс істеп жатыр. Олар вагондардың зор алып денесін доңғалақтарынан ажыратқан кезде, жоғарғы рельс бойымен ілгері- кейінді жылжып жүрген жүк көтергіш кран доңғалақтардан бөлінген вагонның денесін ойыншықтай көрместен жоғары көтеріп, жөндеу столына апарып қойды. Электр күшімен жылжып тұрған жүк көтергіш краны қайта айналып оралды. Оның ұзын ұрқан тәрізді болат ілгешекті ұшы доңғалақтарға төніп келді де, оны доппа қағып алып, доңғалақ цехына қарай алып кетті. Сөйтіп, бүтін вагон бөлшектерге бөлініп, бір сәттің ішінде әр цехқа „тарап та болды.

—Міне, —дейді инженер Шевченко жолдас, —бізде жұмыстың көпшілігі механикаландырылған. Күрделі жөндеу цехына келген вагондарды еңалдымен жөндеу цехы бөлшектерге бөледі де, оларды доңғалақ, балташылар, механика цехтарына жөнелтеді. Ең ақырында вагон техникалық тексерістен өтіп, бояушылар бөліміне барып түседі. Вагон боялып болғаннан кейін автоматтық тексеру пункті оның жұмысқа жарамдылығын ақырғы рет тексеруден өткізіп, жарамды деп таңқанын пайдалануға береді. Бір вагонды істеуге барлық цехтар мен оның бөлімі толық қатысады. Егер де вагон жөндеуде балташылар я болмаса ұсталар цехы жұмыстарын мерзімінде бітіре алмаса, тіпті бір винттің жеткіліксіз болуы да бүтіндей вагоншылар жұмысын кешеуілдетеді.

Шынында да істің жағдайы осындай. Біз цехтарды аралап, қайта оралғанда автоматтық тексеру пунктінде дайын тұрған вагондарды көрдік. Онда слесарь Скурикин жолдас вагондардың тормоз системасындағы ауа бөлгіш бөлшектерін тексеріп жүр екен. Жұмыстың бұл саласында істеушілер бір айдың ішінде вагондардың 500 ауа бөлгішін қарап шығуға міндеттенген. Олар өз міндеттерін асыра орындап, ай ішінде 527 ауа бөлгішті жөнделп шығарды. Оның 518-і «өте жақсы сапалы» деп табылды. Бұл участкенің мүшелері алдыңғы қатарлылардың біріне қосылады. Әсресе, Скурикин жолдас айлық жоспарын 168 процеттен асыра орындады. Осы сияқты жөндеу цехында істеушілер ай ішінде 96 вагонды жөндеуден өткізіп, оның 88 вагоны «өте сапалы» деп бағаланды. Мұнда слесарь-автоматшы И. Кудрицкийдің сменасы сменалық жоспарды 170 процеттен асыра орындаған.

Барлық цехтар мен участкелердің алдында озық келе жатқан техникалық бақылау пункті (бастығы Г. И. Шинкаренко жолдас). Бұлар өздерінің алдына поездарды темір жол торабынан тез жүргізу мақсатын көздеп, олардың ауа қысымын бақылауды мөлшерінен артық 70 процентке дейін орындауға міндеттеме алған болатын. Оны цех мүшелері абройлы асыраюрындап шықты. Соның нәтижесінде вагон бақылаушысы Ф. Райков, станциялық вагон майлаушы Ф. Капитанов, вагон слесарі Е. Кунгурцова жолдастар айлық жоспарды орындауды 240 процеттен асырды. Ал, автоматшы слесарь комсомолка К. Квардакованың күнделік көрсеткіші 205 процентке жетті. Жақсы жұмыс өз нәтижесін бермей қойған жоқ. Станциядан поездарды жөнелту және қабылдау жұмысы тездетіліп, жөндеуге кететін уақыт 45 минуттан 32 минутқа дейін шегерілді.

Вагон участкесінің коллективі социалистік жарыста алынған міндеттемелерді орындау үшін күресті өрістетуде. Участокте алдыңғы қатарлы озаттар саны күн сайын көбеюде. Мәселен, вагон слесарі Александр Гладилов жылдық жоспарды 306 процент, балташылар Федор Антимонов пен Михаил Иконников жолдастар 315- 320 процентке жеткізе орындап шықты. Қазір олар жоспардан тыс жұмыс істеуде.

А. ҚАЗИЕВ.

тарымен ұштастыра жүргізуге күш-мүмкіншілік жеткілікті. Ал не, совхоз басшылары оның директоры Григорян жолдас қолда бар күш-мүмкіншіліктерді құрылыс жұмыстарының қарқынын арттыруға толық жұмылдыра алмай отыр. Тұрасын айту керек, Григорян жолдас барлық назарды кезектегі ауыл-шаруашылық жұмыстарына ғана аударып, құрылыс сияқты іске жете мән бермей жүр.

Жағдай Докучаев, Дзержинский атындағы совхоздарда да өте- мөте нашар. Бұларда тұрғын үйлер салудың белгіленген жоспары айдан айға орындалмай қалып келеді. Жаз айларының өтіп бара жатқандығы, қыстың жақындап қалғандығы, ал, жұмысшылар үшін қажетті тұрғын үйлердің басым көпшілігінің салынбағандығы аталған совхоздардың директорлары қолтырын, Махортов жолдастарды ептір қынжылтар емес.

Құрылыс жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы, арзан салуда жергілікті материалдардың кеңінен пайдаланудың маңызы өте зор. Бынысы МТС, совхоз орталықтарында жергілікті материалдардан бірнеше жаңа тұрғын үйлер салу жоспарланған еді. Алайда, бұл жөнінде істелген жұмыстар да осы күнге дейін айтарлықтай болмай отыр. Көп жерлерде құрылыстарға жергілікті материалдар мейлінше аз пайдаланып келеді. Мәселен, быйылғы жылы Ешім совхозында 4 жатақхана, 22 жай тұрғын үй салынуға тиісті болса, мұнда әлі күнге дейін саманнан бірдебір үй салынған жоқ.

Интернационал совхозында да (директоры Ануфиенко жолдас) жағдай дәл осы сияқты. Бұл совхоз саманнан үй салуға жұмылда ғана кіріскі. Мұнда жұмысшылар үшін быйыл ондаған жаңа тұрғын үйлер салу керек. Ал, бұл совхозда қазір салынған үйлер жұмысшыларды толық қамтамасыз етуге мүлде жетпейді.

Ауыл- селода құрылыс жұмыстарының нашар жүргізілуіне облыстық тұтынушылар одағы да (председателі Писеуков жолдас) кінәлі. Өйткені, облыстық тұтынушылар одағы ауыл-селодағы құрылыстарға қажетті құрылыс материалдарын жеткілікті мөлшерде жеткізіп бере алмай келеді.

Қазір ауыл- селоларда құрылыс үшін ағаш, шеге, әк, шыны сияқты құрылыс материалдары мүлде жеткіліксіз. Бұл материалдарды жеткілікті дайындап, оларды ауыл-селоға тез жөнелту жөнінде де облыстық тұтынушылар одағы мардымды жұмыс істемей отыр.

Құрылыс жұмыстарын жүргізудің ең қолайлы мерзімі өтіп барады. Сондықтан партия, совет ұйымдары, құрылыс мекемелері мен МТС, совхоз, колхоз басшылары қалған уақытты мейлінше ұқыпты пайдаланып, құрылыс жұмыстарының мерзімінде, ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрылыс жұмыстарын табысты жүргізу үшін облыс құрылыс мекемелерінің жұмысын негізінен жақсартып, оларда еңбек өнімділігін есеп арттыру керек.

Барлық жерде құрылыс жұмыстарын тез және сапалы жүргізіп, облысымыздың ауыл- селоларын барған сайын көркейте берейік!

Шемонайхы МТС-інің құрылысында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Осыдан 3 ай бұрын бос жатқан далада қазір үйлердің корпустары алыстан көзге түседі, ірге тастар, қабырғаларға кірпіштер салынып жатыр. Бұл салынып жатқан Шемонайхы машина-трактор станциясының құрылыстары.

Құрылысшылар—«Алтайсвинецтрой» тресінің жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үлгілі еңбек етеді. Олар графикті үнемі асыра орындайды. Троеглазов, Мельников және Мюллер бастаған кірпішшілер бригадасы тапсырманы күн сайын бір жарым-екі есе асыра орындайды. Бетон еріту торабының „Бабушкина жолдас басқарған бригадасы тапсырмаға қосымша сапалы бетон беруде.

МТС құрылысшыларының коллективі құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарын 1 октябрьге дейін орындап шығу үшін жаңа міндеттеме алды.

Құрылысшылар машина-трактор мастерскойын, гараждарды, тракторлар мен комбайндар сақтауға арналған жаппаларды, жатақхананы, 8 пәтерлі тұрғын үйді және басқа бірсыпыра объектілерді осы мерзімде пайдалануға беруге міндеттенді.

ТОПЫРАҚТЫ ӨҢДЕУ МЕН ЕГІН ЕГУДІҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫНАН МОЛ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ӨНІМ АЛУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ

Курган облысы, Шадринск ауданы, „Заветы Ленина“ колхозының егіншісі, колхоз жанындағы тәжрибе станциясының директоры, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. МАЛЬЦЕВТІҢ „Заветы Ленина“ колхозында шақырылған Бүкілодақтық кеңесте жасаған баяндамасы

Мальцев жолдас баяндамасының бас кезінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі шұғыл өрге бастыру жөнінде, әсресе, астық өндіруді арттыру жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндеттер туралы айтты.

—Еліміздің колхоздары мен совхоздары, —деді баяндамашы, — ауылшаруашылық өндірісін ғылымға негізделген, советтік ғылымның деректеріне сүйеніп ұйымдастыруда, бұл ғылым практикамен тығыз байланысты, ол озат колхоздар мен совхоздардың бай тәжрибесіне сүйеніп, практика үшін өмірлік маңызы бар мәселелерді шешіп келеді.

Советтік ғылым өзінің алға басқан қадамында адамзат ойының асқан ұлы жеңістерін және бұдан бұрынғы ұрпақтар ие болған аса бай тәжрибені пайдаланып келеді. Ақыл-ойдың аса үздік қорифейлерінің еңбектері советтік ғылымның алтын қоры болып табылады. Бірақ классиктердің еңбектерін барлық жағдайда пайдаланудың ең дұрыс формасының өзі —олардың ұсыныстары мен қорытындыларын солардың ұсынған күйінде механикалық түрде қолдану деп санау ең зор қателік болар еді.

Егіншіліктің негізгі мәселесі

Агрономиялық ғылым топырақтың құнарлылығын арттыру шараларының комплексін —шөптанапты егіншілік системасын жасап берді.

Шөптанапты егіншілік системасының теориясы былай дейді: көпжылдық шөптер топырақты органикалық заттармен байытады, оның құрылымын жақсартады, сөйтіп оның құнарлылығын арттырады, ал біржылдық дақылдар топырақтың құрылымын нашарлатады, соның өзінде органикалық заттардың запасы азайып, топырақтың құнарлылығы кемиді.

1953 жылы профессор М. Г. Чижевскийдің редакциясымен шыққан «Егіншілік және топырақ зерттеу негіздері» деген оқулықта былай делінген: «Біржылдық малазығындық шөптер, сондай-ақ басқа да біржылдық өсімдіктер (сұлы, қарабидай, бидай, мақта және басқалары) арқылы топырақта органикалық қалдықтар мен шірінді жыйнақтау мүмкін емес, демек, берік кесек топырақ құрылымын жасауға да болмайды» (209-бет).

Көптеген ғалымдар біржылдық және көпжылдық шөпті өсімдіктер арасындағы осы түбірлі, принципті айырмашылықтың себебі мынадан деп түсіндірін жүр: біржылдық өсімдіктер жазда, топырақ құрақ кезінде солып қалады. Олардың тамыр қалдықтары ауалы жағдайда шірін, жедел минералға айналады. Осының салдарынан топырақта органикалық зат пен шірінді запастары артпайды. Ал көпжылдық шөптер күздің аяғында солады. Бұлардың тамырқалдықтары ауасыз жағдайда шіриді, сондықтан топырақта органикалық қалдықтар мен шірінді жыйналады. Міне осының негізінде көпжылдық шөптердің топырақты жақсартатын роль бар деп танылып, біржылдық өсімдіктер топырақтың құнарлылығын бұзады деп жарияланып жүр.

Мынадай сұрақ туды: егер біржылдық өсімдіктер күзде және көктемде солып, органикалық қалдықтардың шіруі ауасыз жағдайда болатын болса, олар мұндай жағдайда топырақтың құрылымын нелікпен жүргізу керек» (В. Р. Вильямс, «Егіншілік негіздері», 1940 ж., 94-бет).

Бірақ біржылдық және көпжылдық шөптердің ролі жайындағы мұндай дәлелдерді дұрыс деп тануға болмайды. Біздің пікірімізше, барлық өсімдіктердің, көпжылдық, сондай-ақ біржылдық өсімдіктердің де ортақ сыйпаты бар, ол —өсімдіктер өсуіне керекті қоректік заттарды жұмсаудан гөрі органикалық затты топырақта анағұрлым көп қалдыратындығы байқалады. Топырақтың құрылу фактісінің өзі мұның айғағы болып табылады. Көптеген жылдар бойы шөпті өсімдіктердің, соның ішінде көпжылдық және біржылдық өсімдіктердің табиғи жағдайда тығыз топырақта өсіп, өнетін қабілеті қалыптасқан. Соның өзінде солған өсімдіктердің тамырлары олардың өскен жерінде шірін қалды. Топырақтың ең үстіңгі қабатында өсімдіктердің жер бетіндегі бөліктерінің органикалық қалдықтары жыйнақталған. Бұлар ауалы жағдайда шіріген: өсімдіктердің топырақта жыйналған өрегі жауын-шашынмен топырақтың ең терең қабатына сіңіп, сол жерде оны өсімдіктердің тамырлары сіңіретін болған. Біздіңше, бұл жағдайдың жалпы табиғи заңдылық сыйпаты бар сыяқты, міне бұл табиғи заңдылықты топырақтың құнарлылығын арттыру мүддесі үшін пайдалану керек.

Өсімдіктер өз тамырларын топырақтың әртүрлі қабаттарына ең үстіңгі жыртылатын және төменгі қабатына, кейде бір метрден асатын тереңдікке орналастырады. Біз тамырлардың топырақ горизонтында бұлай орналасуы өсімдік көрегінің сыйпатымен байланысты деп санаймыз. Әртүрлі тамырлар түрлі тереңдікте бірдей керек алын пайдаланбайды. Топырақтағы микроорганизмдер де горизонт бойынша орналасады: үстіңгі қабаттарда ауалы жағдайда, төменгі қабатында — ауасыз жағдайда шіритіндер басым болады.

Жыртылмаған топыраққа ауаның аз кіруі органикалық заттың ауасыз шіруін кезде егіннің өнімі бірнеше жыл бойы мықтап кемітіні байқалады. Жерді қайырмасыз плугтермен жыртқанда топырақтың қабаттары онша араласпайды да, негізінен өз орнында қалып қояды.

Зауральеде агротехниканың жаңа системасын жасау қажеттігі әуел баста мынадан туды: шөптанапты ауыспалы егіс өзіне жүктелген үмітті ақтамады, топырақтың құнарлылығын ұдайы арттыруға көмектеспеді, бұған шөптанапты ауыспалы егістің негізі көпжылдық шөптердің шығымдылығы тұрақсыз болуы да әсерін тигізді. Ал оның бер жағында ауыспалы егістің бүкіл танап дәуірінде көпжылдық шөптер топырақтың құнарлылығына қолайлы ықпал жасай алмады. Сонымен бірге біз тиісті жағдай жасаған күнде бір жылдық өсімдіктердің өздері де топырақты органикалық затпен байытып, бұл топырақты неғұрлым құнарлы ете алады деген қорытындыға келдік. Осыған сүйеніп, біз ауыспалы егісті топырақтың құрылымын бұзу және қалпына келтіру дәуірінде болудың қажеті жоқ деп саналмыз, өйткені әрбір дақыл топырақты жақсартуға тиіс, осының нәтижесінде топырақтың құнарлылығы бірте-бірте артуға тиіс.

ССР Одағы Министрлер Советінің қаулысы бойынша, деді Мальцев жолдас бұдан кейін, 1950 жылы «Заветы Ленина» колхозының жанында құрылған біздің ауылшаруашылық тәжрибе станциямыз топырақты өңдеудің жаңа системасы туралы мәселені практикалық және теориялық жағынан шешумен шұғылданып келеді.

Тәжрибе станциясының бүкіл жұмысы колхоздың егін даласында колхоз бен МТС-тің күш-қаражатымен жүргізілуде. Станцияның штатында үш ғылми қызметкер бар.

Біздің топырақты өңдеу тәсілдеріміз парды қайырмасыз плугтермен 40—50 сантиметр және онан да терең жыртуды, содан кейін топырағы жыртылмай, ұңғысы сыдыра жыртылған жерге дәнді және басқа біржылдық дақылдарды үш немесе төрт жыл бойы егуді көздейді.

—Қыртысы сортаңданған жерді қайырмасыз плугпен терең жырту ерекше тиімді, —деді Мальцев жолдас. —Біздің пікірімізше, топырақ қабатының құнарлылығы аз жердің бәрінде де, мысалы, шымды күлгін жерде қайырмасыз плугті қолдану әдеттегіден гөрі анағұрлым тиімді болады.

Сортаңданған жерді әдеттегі әдіспен терең жыртқанда, топырақтың терең сортаңданған қабаттары жердің үстіне шығарылады, мұның өзі жердің бүкіл үстіңгі қабатын көптеген жылдар бойы ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге оншалық жарамды етпей тастайды. Ал, қайырмасыз плугтер мен 40— 50 сантиметр және онан да терең жыртқанда сортаңданған топырақтың горизонты қопсытылып, оның төменгі топырақ қабаттарымен байланысы бұзылады, топырақтың сортаңданған қабаты бірте-бірте азайып, ол мәдени егіске жарамды бола бастайды.

Парды өңдеу

Мальцев жолдас парды өңдеуге ерекше маңыз береді.

—Парды жақсы баптағанда ғана, —дейді баяндамашы, —ауыспалы егістің бүкіл танап дәуірінде егіннен мол өнім алуды қамтамасыз етуге болатынын біз жақсы білеміз, сондықтан парды өте сапалы өңдеуге біз күш-қаражатымызды аямай жұмсаймыз. Біз пар өңдеудің агротехникасы алдына егіндік жерді біржылдық және көпжылдық арам шөптерден тазарту, ылғалды мейлінше көп жыйнау, өсімдіктерге керекті минералды қоректі барынша толық сақтау міндетін қоямыз.

Біз пар өңдеу жұмысын былай жүргіземіз. Күзде дискалы лущильникпен ұңғысы 7—8 сантиметр және одан да терең сыдыра жыртамыз. Ерте көктемде жерді тырмалап, ылғалды жабамыз, ал арам шөптердің тұқымы өсін шыққаннан кейін (қарасұлының үшінші жапырағын өсуінен кешікпей) олардың өскендерін дискалы лущильниктермен құртамыз.

Июньнің бас кезінде, қайырмасыз плугтермен 40—50 сантиметр және одан да терең жыртып, тырмалау жұмысын бөлек жүргіземіз. Қатуен өскен жерде бұл арам тәжрибе жұмыстарын кеңінен жүргізу үшін көпжылдық шөптер егілмейтін қысқа танапты екі егіндік ауыспалы егіс енгізілгенін айтты.

Бұл ауыспалы егістердің бірі дақылдар мынадай кезегімен егілетін төрттанапты (әрбір танаптың көлемі 570 гектар): 1-пар, 2-жаздық бидай, 3-пішенге және астыққа арналған біржылдық шөптер, 4-жаздық бидай. Қажет болған жағдайда, үшінші танаптың бір бөлегін немесе бүкіл танапты біржылдық шөптер егудің орнына дәнді немесе отамалы дақылдар егу үшін пайдалануға болады.

Екінші ауыспалы егіс — бестанапты (танаптың көлемі 420 гектар). Мұнда дақылдар мынадай кезегімен егіледі: 1-пар, 2-бидай, 3-сұлы, 4-пішенге және астыққа арналған біржылдық шөптер, 5 жаздық бидай. Қажет болған жағдайда, бұл ауыспалы егістің екеуінде де біржылдық шөптерді бұршақты немесе мақсақты дақылдармен ауыстыруға болады.

Мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету үшін колхозда жемшөптің екі ауыспалы егіс енгізілген: мұның бірі —шабындық- жайылымдық, екіншісі — тығыз топырақ қабаттарына орналасады, ал біржатар тәжрибеде ұңғысы сыдыра жыртылған топырақтағы тамыр қалдықтарының жалпы саны жыртылған жердегіден гөрі көп болатыны байқалды.

Тамырлардың көп бөлегі тайыз орналасқан егістер ұзаққа созылатын құрақшылық кезінде тіпті мардымсыз жауын-шашынның өзін анағұрлым тиімді пайдаланады. Тамырлар былай орналасқанда капиллярлық су да жақсы пайдаланылады.

Біздіңше, деп көрсетті баяндамашы, ұңғысы сыдыра жыртылған топыраққа егілген өсімдіктердің қорек режимді де анағұрлым қолайлы болатын көрінеді. Жауын -шашын тіпті аз жауған күнде де топыраққа сіңетін су өсінің жолында ерітін, қоректі заттарға кездесіп, бұларды ерітіп, топырақтың үстіңгі қабатында органикалық заттың ауалы жағдайда шіруі нәтижесінде құрылған қоректі сіңіруге әзір тұрған қорек ретінде тамырларға жеткізеді.

Мальцев жолдас келтірген деректер терең жыртылған парды ылғалды әдеттегі әдіспен жыртылған қара пардан гөрі жақсы жыйнақтайтынын көрсетеді. Терең жыртылған парға дәнді дақылды екінші рет екпенде топырақтың ылғалы бүкіл жаз бойы зябке жыртылған участокте, сондай-ақ ұңғысы сыдыра жыртылған жерде де біркелкі дәрежеде қалған, ал үш жыл бойы жыртылмаған (жасымықтың сыдыра жыртылған ұңғысы бойынша) участокке себілген бидайдың бүкіл өсу дәуірінде жеткілікті мөлшерде топырақ ылғалы болып ,ол 1953 жылы әр гектардан 19,8 центнер өнім берген.

Мұның өзі, деді Мальцев жолдас, тығыз бірақ үстіңгі жағынан сыдыра жыртылған топырақтың жауын- шашынның ылғалын қайырмалы плуттермен жыртқан жерлегіден анағұрлым жақсы жыйнап, сақтай алатынын көрсетеді.

Баяндамасының көрсеткеніндей, топырақты өңдеудің жаңа әдісін қолданғанда мұндай жағдай өсімдіктерді көректендіру ісінде де байқалады.

Тың және тыңайған жерлерді өңдеу жөніндегі тәжрибе жұмыстарының алғашқы нәтижелері сенімді нәтижелер болып табылады. Еңбек өнімділігін арттыру, жаңа жерлердің құнарлылығын сақтап, арттыра түсу үшін үстіміздегі жылдың өзінде еліміздің тың жерлерді игеріп жатқан әртүрлі облыстарында дәл осындай өндірістік тәжрибелер жасау керек.

Топырақты өңдеудің және оның құнарлылығын арттырудың жаңа тәсілдерінің ыкпалын зерттеу үшін № 104 жылқы заводының колхозбен іргелес жерінде көлемі 270 гектар арнаулы тәжрибе участогі бөлінген. Осы жеке участокте дақылдар кезегімен егілетін бес танапты және алты танапты ауыспалы егіс белгіленеді, ал ылғалды жерлерде — бір ретпен жыртқанда, төрт жылда бір рет жыртқанда, оның құнарлылығын арттырудағы көпжылдық шөптердің ролін зерттеу жөнінде ұзақ мерзімді тәжрибе жасалып отыр.

Мальцев жолдас колхоз бен тәжрибе станциясы көзірдің өзінде жеткен нәтижелері негізінде жаңадан игерілетін тың және тыңайған жерлерді неғұрлым дұрыс өңдеу қажет екені туралы мәселе көтерді.

Тың —халық байлығы, деді баяндамашы, бірақ бұл байлықты игерген кезде бұрын тың жерді жыртып, оның құнарлылығын өте шаншаң бұздырған ата-бабаларымыздың түсінбеушілігінен болған қателіктерді қайталамауды қатты ойластырып, бұл мәселені талдап шешу керек. Егер ескіден жыртылып келген жерлердің құнарлылығын өсіріліп жүрген өсімдіктердің көмегімен арттыру құралдары ғылым мен практиканың қарамағында болып отырған болса, онда жаңадан игеріліп жатқан тың және тыңайған жерлердің құнарлылығын бұдан да гөрі арттыру үшін осындай құралдар табуға неліктен болмайды? Біз бұл жерлердің құнарлылығын ұзақ уақытқа дейін сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны жылдан жылға арттыра беруге тиіспіз.

Топырақ құрылымының органикалық затын бұлдіру, демек, оның құнарлылығын азайту жерді жыл сайын жыртудың салдары болып табылады және топыраққа ауаның өтуін күшейтеді деген қағидаға сүйене отырып, біз № 104 жылқы заводына өткен жылғы августа 20 жылдан бері тыңайған жердің бір бөлегі әдеттегідей терең жыртуды, ал басқа бөлегін тек дискалы лущильникпен сыдыра жыртуды ұсындық.

Быйылғы көктемде осы жердің екі бөлігінде 23 майда жаздық «лютесценс-758» бидайы егілді. Бұл жердің жыртылған бөлегінде бидай жақсы шығып отырды, ал жыртылмаған бөлегінде де бұдан жаман емес, соның өзінде жыртылмаған жердегі бидайдың өсуі едәуір шаншаң сыяқты. Бұл жердің егіні, сірә, бұрын жыйналады.

Топырақ өңдеудің жаңа системасын қолдану, деді баяндамашы, топырақты өңдеуде, тұқым себуде және дәнді дақылдардың өнімін жыйнауда ауылшаруашылық машиналарының жұмысын жақсарту үшін олардың жеке жұмыс органдары мен бөлшектерінің конструкциясына өзгертулер енгізуді талап етті.

Біздің жер жағдайымызға бейімделген сорттарды іріктеп алуға біз зор маңыз беріп отырмыз, деді Мальцев жолдас. Колхоз құрылғаннан бергі уақыттың ішінде оның егін даласында ауылшаруашылық дақылдарының екі мыңнан аса сорттары сыналды. Осындай әдіспен жақсы сорттар анықталып, бұл сорттар көбейтіліп, біздің шаруашылығымызда және онан тыс жерлер-

тен жақсарта алмаймыз?

Біз былай деп санаймыз: көпжылдық шөптердің топырақтың құнарлылығын арттырудағы басымдылық ролін таныйтын, ал біржылдық дақылдардың топырақты органикалық заттармен және шіріндімен байыта алатын қабілетін мойындамайтын теория қазіргі уақытта ауылшаруашылық ғылымы мен практиканы өркендету ісіне елеулі кедергі болып табылады.

Біз біржылдық өсімдіктердің топырақтың құнарлылығын арттыра алатындығы туралы мәселе —агрономиялық ғылымдағы ең басты мәселе деп санаймыз. Біз быржылдық өсімдіктер белгілі жағдайда топырақты органикалық заттармен (шіріндімен) байыта алады, топырақтың құрылымын жасай алады, демек, оның тиімді құнарлылығын арттыра алады деп батыл мәлімдеймін.

Тосыннан қарағанда, көпжылдық шөптердің топырақ құрылымын жақсартатынын, ал біржылдық өсімдіктер екпенде, оның топырақты бұзатынын практика дәлелдеп отырған сыяқты көрінеді. Тың жерде көпжылдық шөптер өскен кезде топырақтың құрылымы бұзылмай, оның құнарлылығы жақсы бола береді. Бірақ осы тың жерді жыл сайын жыртып, көптеген жылдар бойы біржылдық дақылдар өсіретін болса, топырақтың құрылымы бұзыла бастайды, оның құнарлылығы едәуір азая береді. Көп жыртылып, құрылымы бұзылған, сондықтан тыңаю үшін қалдырылған топырақ, халық арасында айтылып жүргеніндей, «тыныққанды» да, өзінің құнарлылығын қайтадан қалпына келтіреді. Осыған сүйеніп мынадай қорытынды жасалып жүр: «біржылдық өсімдіктердің мәдени егісін оқтын- оқтын тоқтатып, оның орнына көпжылдық шөпті өсімдіктердің мәдени егіне және кесек топырақ құрылымын жақсайтын пайдалы шіріндінің құрылуына жағдай туғызады.

Тарихи дамудың барысында өсімдіктердің орналасқан жерлерінде тамыр мен сабақ қалдықтарын шіріп, топырақтың құнарлылығын арттыратын қабілетінің қалыптасуы белгілі заңдылық болып табылады, міне бұл заңдылықты біліп алғаннан кейін біз оны қоғамның мүддесіне пайдалана аламыз.

Топырақтың қыртысын аударып жыл сайын жырту, біздің пікірімізше, табиғат заңын өзгерту немесе бұзу әрекеті болып табылады, топырақты бұлай жырту микроорганизмдердің тіршілік жағдайын мыктап өзгертуге, ауалы шіру процесін күшейтуге, топырақтың құрылымын бұзуға және оның құнарлылығын кемітуге әкеліп соқтырады. Біз біржылдық өсімдіктердің өздері емес, қайта топырақтың жыртылатын қабатын аударып, жыл сайын жырту топырақтың құнарлылығын азайтып оның құрылымын бұзады деп санаймыз.

Біз біржылдық өсімдіктер өсірген уақытта себілетін әрбір дақыл үшін топырақты міндетті түрде терең жыртамыз, соның өзінде топырақтың үстінгі қабатын астына түсіріп, төменгі қабатын үстіне аударып шығарамыз. Осының нәтижесінде біржылдық өсімдіктер жыл сайын терең қопсытылған топырақта өседі, өзінің тамырлары мен топырақты белгілі мөлшерде кесектей алмайды және көпжылдық шөптердің тамыр системасы сыяқты жеке топырақ құрылымын жасай алмайды.

Байқаудан көрініп отырғанындай, топырақтың кесек құрылымы тығыз топырақта ғана құрылады, ал кесек топырақ тамырлар ауасыз жағдайда шіріп кеткенде ғана тығыздалады.

Топырақты өңдеудің жаңа әдістері

Баяндамашы осындай байқаулар мен пікірлердің бәрі топырақты өңдеудің басқаша әдістерін жасау қажет деген қорытынды жасатқанын атап көрсетті. Себілетін әрбір дақыл үшін жыл сайын топырақты терең жыртпай, тек ашызды тайыз, үстірт қана сыдыра жырту әдісін қолдануға ұйғарылды. 1943 жылдың өзінде егіннің шағын участогінде осындай тұңғыш тәжрибе жасалды. Бұл тәжрибе топырағы жыртылмай, тек ашызы бір рет сыдыра жыртылған жерге егілген жаздық бидайдың топырағы терең жыртылған жердегіден мол өнім бергенін көрсетті.

—Біздің бұдан кейінгі тәжрибеміз, — деді баяндамашы, —топырағы жыртылмаған тек ашызы ғана сыдыра жыртылған жерде өнімді әдейі жыртылған жердегіден кем алмауға болатындығын шынында да дәлелдеп берді. Сонымен бірге топырақты бұлай өңдегенде, оның құрылымы едәуір жақсарады, өйткені біржылдық өсімдіктердің тамыр қалдықтары топырақтың астыңғы тығыз қабаттарына ауасыз жағдайда шіріді.

Бірақ қолайлы су —ауа және қорек режимдерінің мүмкіндігінше топырақтың неғұрлым қалың қабатында тіршілік етуі үшін топырақтың астыңғы қабаттарын қолдан өңдеу өте маңызды. Осыған байланысты топырақтың жыртылатын горизонтының қалыңдығы туралы мәселенің елеулі маңызы бар.

Егіннен мол өнім алу үшін топырақтың жыртылатын горизонтын неғұрлым қалыңырақ қалдыру керек. Міне сондықтан, топырақты өңдеудің біз жасап жатқан жаңа тәсілдерінде топырақтың жыртылатын горизонтының қалыңдығы туралы мәселеге ерекше көңіл бөлінін отыр. Жыртылатын жердің терендігін 40 —50 сантиметр және одан да арттық жырту қолайлы болады деп санаймыз. Топырақты бұлай өңдеген кездегі негізгі шарт жерді қосымша тереңсіз және қайырмасыз, қыртысын аудармай, төменгі қабатты үстіне шығармай жырту болып табылады. Жерді осындай әдіспен жырту себебі сол, топырақтың үстіңгі қабатында, әдетте, тамырдың және органикалық егін қалдықтарының негізгі жиынтығы қалады. Буларды терең жыртқан кезде топырақтың үстіңгі қабатында органикалық зат азайып, мұнда өсімдіктер қоректі аз алады, ал оның бер жағына біздің жердің құрғақшылық және жартылай құрғақшылық жағдайында тамыр системасының негізгі бөлегінің тіршілік қабаты бүкіл жаз бойы топырақтың үстіңгі қабатында болады. Мұның үстіне, өсімдіктер үшін зиянды қосындылар болатын топырақтың төменгі қабатын аударған шөптің дегелектері жердің бетіне шыға бастаған кезде парды осылай өңдеу жұмысын жүргіземіз. Бұдан кейін, арам шөптердің жаңа өсуіне қарай, дискалы лущильниктермен ашызды сыдыра жыртамыз, ал жазда жауған әрбір қалың жаңбырдан кейін, арам шөптің қалыңдығына қарамастан, топырақты жеңіл тырмамен тырмалап, ылғалды жабамыз.

Август айында шамамен жоғарыдағы терендік мөлшерінде бірінші рет көлденеңінен жыртып, тағы да тырмалаймыз. Парға арналған жерді қайталап жырту тек бірінші танапқа ғана көзделеді ал екінші және келесі танапта парды қайталап жыртпаймыз. Егер екінші рет жырғаннан кейін арам шөптердің өскендері тағы да шығатын болса, онда күзгі уақытта тағы да бір рет ашызды сыдыра жыртамыз.

Келесі көктемде парды тырмалап, ылғалды жабамыз. Арам шөптердің өскендері шыққаннан кейін өз конструкциямызбен жасалған саусақ тәрізді тістері бар «зиг- заг» тырмаларымен парды тұқым себу алдынан өңдеп, содан соң белгіленген норма бойынша тарқатарлы немесе тоғыспалы әдіспен тұқым себеміз.

Екінші және одан келесі жылдарда егіндік жер жыртылмайды да, тек дискалы құралдармен өңделеді, соның өзінде егіндік жер егін жиналғаннан кейін дискамен өңделеді (мұны сақыйна тәрізді шаңтаспен малалаған жақсы). Күзде көлденеңінен 7—8 сантиметр терең етіліп тағы бір рет сыдыра жыртылады. Бірінші рет сыдыра жыртып малалағаннан кейін, күзде біркатар арам шөптердің өсіп шығуына қолайлы жағдай жасалады. Күзде көлденеңінен сыдыра жырту жұмысын қайталап жүргізу арқылы арам шөптердің өскендері құртылады. Күзде екі дүркін сыдыра жырту көктемде топырақты тырмалау жұмысын жеңілдетеді, ал соның өзінде ашызды қар тоқтатуағы рөлі сол төмендейді.

Көктемде қар еріген кейін жердің ылғалын жабу мақсатымен тырмаланып, арам шөптер шыққаннан кейін (арам шөптер мұндай жерде тез шығады) топырақ сыдыра жыртылып тұқым себіледі. Тұқым себілгеннен кейін егіндік жер сақыйна тәрізді шаңтаспен малаланады.

Егер күзде неидей бір себептен сыдыра жырту жұмысы жүргізілмеген болса, бұл жұмысты ерте көктемде ойдағыдай жүргізіп, оны міндетті түрде малалауға болады, өйткені топырақты көктемде дискалағаннан кейін тырмалауға болмайды, тырманың тісіне ашызды қалдықтары тығылып қалады.

Біз соңғы бес жылдан бері, деп хабарлады баяндамашы, жыртылмаған ашызға бидай, сұлы, арпа, горчица, біржылдық шөптер, сүрленетін және басқа дақылдар егіп келеміз. 1950 жылы осындай егістің әр гектарынан 20 центнерден 40 центнерге дейін бидай алдық. Бұдан келесі жылдарда құрғақшылық болды. Солай болғанмен де, 1951 жылы әр гектардан 17 центнерден 20 центнерге дейін, 1952 жылы—12 жарым центнерден, 1953 жылы —12 центнерден 22 центнерге дейін бидай жыйнадық. Кәзірде де, әсересе үш жыл бойы жыртылмаған егіндік жерде бітік егін өсуде.

Баяндамашы бұдан кейін колхозда зерттеліп отырған мәселелер жөніндегі [illegible] алты танапты ауыспалы егіс 600 гектар жерді алып отыр. Мұнда екі танап дәнді мал жемі дақылдарына және төрт танап қылтанақсыз арпабас араласкан бедеегісіне арналған. Ферма қасындағы ауыспалы егістің көлемі 160 гектар, ол егіз танапқа бөлінген.

Ауыспалы егістің қабылданған схемалары бір жасаған агротехникамен ұштастырылып, ол атап көрсетті Мальцев жолдас, ол топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған. Бұл схемалар колхоздың егін егу және егін шаруашылығының өнімдерін мемлекетке тапсыру, тұқым күю, қажетті қорлар жасау, мал шаруашылығы үшін жеткілікті мөлшерде жемшөп өсіру және колхозшылардың еңбеккүніне мол ақы төлеу жөніндегі жоспарлы тапсырмаларды орындауды толығымен қамтамасыз етеді.

Біржылдық егін дақылдары өсірілетін жерлерде олар сола бастағанға дейін топырақтың құрылу процесі оның бұзылуынан басым болады. Бұған қарағанда, тіршілік қабаты күшті өсімдік тамырлардың топырақтың үстіңгі қабатында орналасқан ең көп бөлегінің тамыр жанындағы микрофлораның мейлінше қауқарлы өсуіне әсерін тигізетіндігі сонда, ауадан келетін бұқіл оттегі толық сіңіріліп, ауаның оттегін топырақтың неғұрлым терең қабатына өткізбейтін өзінше бір кедергі жасалады. Ал тамырлардың тіршілік қабаты нашарлап, содан кейін мүлде тоқтаған кезде, бұл кедергінің әсері де тоқтап, топырақтың терең қабаттарына ауа оттегінің өтуіне жағдай туғызылады. Осыдан кейін ауалы шіру процесі және топырақ құрылатын агрегаттардың бұзылуы басталады.

Көпжылдық шөптер өсетін жерде топырақтың құрылымын анықтаған кезде, топырақтың құрылымын жасау және бұзу процестерінің шамамен алғанда біржылдық өсімдіктер сыяқты бір бағытта болатындығы байқалды.

Бұған қарағанда, деп қорытынды жасады баяндамашы, біржылдық егіндік дақылдар өскен жерде де, көпжылдық шөптер өскен жерде де топырақтың құрылымы жаздың ішінде бірқалыпты өзгереді. Жаздың бірінші жартысында топырақтың құрылымы арта түседі, ал жаздың екінші жартысында едәуір кемиді. Демек, біржылдық дақылдардың топырақ құрылымын бұзатын сыйпаты бар, ал тек көпжылдық шөптер ғана топырақтың құрылымын қалпына келтіре алады деуге болмайды.

Эксперименттік деректер негізінде баяндамашы мынадай қорытынды жасайды: топырақты тиісінше өңдеу арқылы топырақтың құрылу процесін қажетті бағытқа қарай ауаруға, сөйтіп, топырақтың құнарлылығы мен ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын прогрестік түрде арттыруға жағдай туғызуға болады.

Біржылдық егіндік өсімдіктердің—дәнді және бұршақты дақылдардың топырақтың органикалық заттың запасын толықтыра алатынын тәжрибе көрсетіп отыр.

Байқау тәжрибесінде, деп атап көрсетті баяндамашы, жыртылмаған (дискаланған) ашызға егілген дәнді дақылдар тамырларының көп бөлегі топырақтың үстіңгі, қопсыған қабатына орналасатыны көрінді, Тамырлардың аз бөлегі төменгі, [illegible] колхозында бұдан бұрын қабылданған.

Бұл ауыспалы егістің әрбір танабының бір бөлегі жалпы қабылданған системамен өңделеді, ал екінші бөлегі —біз жасаған жаңа әдіспен өңделеді. Зерттеу жұмыстары станция белгілеген методика бойынша белгілі бір мерзімде жүргізіледі.

Мұның үстіне, бір дақылды бір жерге еге берудің топырақтың құнарлылығына тигізетін әсерін, сонымен қатар топырақты үш түрлі әдіспен өңдегенде: жыл сайын жыртқанда, жыл сайын ашызды сы-

Кәзір біздің колхоздағы негізгі сорттар тұқымы жақсартылған, кеш пісетін «мильтурум-553» және неғұрлым ерте пісетін «лютесценс-758» сорттар болып табылады. Соңғы сорт бүкіл бидай егісінің 50 проценттейін алып отыр. Бұл сорт біздің жағдайымызда ерекше назар аударуды керек етеді. Оның ерекше сипаты сол, ол өсу дәуірінің бастапқы кезінде ылғалды көбірек керек етеді және бұдан кейінгі уақытта құрғақшылыққа анағұрлым төзімді келеді.

Станцияның тәжрибесін колхоз бен совхоз өндірісіне енгізу

— Ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің жаңа агротехникалық әдістерін практикалық іске асыру нәтижесінде, — деді баяндамашы, — «Заветы Ленина» колхозында егіннің шығымдылығы едәуір артып, астықтың жалпы түсімі молайды, мұның өзі колхоздың бүкіл шаруашылық жұмысының нәтижесіне қолайлы әсерін тигізді. Колхоз егіннен ең мол өнім алған 1950 жылмен салыстырғанда, 1953 жылы астықтың жалпы түсімі 10 мың центнерден аса артып, мемлекетке де көп астық тапсырылды. Дәнді жем қорларына дән өнімдері 1950 жылғыдан екі есе дерлік артық бөлінді. 1954 жылғы егіннің есебінен колхозшыларға ай сайын аванс беру үшін ауыспалы азық- түлік қоры жасалды. Колхоздың ақшалай табысы 1950 жылғы 470 мың сомнан 1953 жылы 1.520 мың сомға дейін артты. Артельдің бөлінбейтін қоры екі есе артты. Ақшалай табыстың молаюы колхоздың өндірістік құрылыстар салу, селоны электрлендіру жұмыстарын кеңінен өрістетуіне, қажетті машиналар мен жабдықтар сатып алуына мүмкіндік берді. Колхозшылардың еңбек күніне төленетін ақы арта түсті.

Быйылғы жылы колхоздың егін далаларында өткен жылдардағыдан анағұрлым бітік егін пісіп келеді.

Мальцев жолдас жасап отырған топырақ өңдеу тәсілдері колхоз бен совхоз өндірісіне барған сайын кең енгізілуде. Курган облысының колхоздарында ғана 1952 жылы 18.700 гектар, 1953 жылы — 48.000 гектар және 1954 жылы—70.800 гектар пар қайырмасыз плуттермен терең жыртылды.

Баяндамашы топырақ өңдеудің жаңа әдістері Курган облысының толып жатқан колхоздарында ойдағыдай қолданылып отырғанын көрсететін көптеген мысалдар келтірді. Мысалы, Батурин ауданындағы «Красное знамя» колхозы қайырмасыз плуттермен жыртылған жерлерде 1953 жылы әр гектардан 23,1 центнер бидай жыйнады, ал әдеттегідей жыртылған қара пардың әр гектарынан 16,4 центнер өнім алды.

Қайырмасыз плуттермен жыртылған парта егілген бидайдың қосымша өнімі Уксянск ауданының Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінде әр гектардан 7,1 центнер, Частозер ауданының Сталин атындағы колхозында — 7,3 центнер, Каргаполь ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозында— 3,5 центнер, Чаши ауданындағы «Новый быт» колхозында— 6,4 центнер, Ольхов ауданындағы «Красный Урал» колхозында —7,7 центнер, Шадринск ауданының Молотов атындағы колхозында — 8,6 центнер болды.

Облыстың мемлекеттік сорт сынау участоктерінің бәрі 1953 жылдан бері парды біздің станциямыз ұсынған әдіспен жыртып келеді.

Пар жыртылып жақсы өңделген жерлерде облыстың колхоздары дәнді дақылдарды сыдыра жыртылған ашызға егіп келеді. 1952 жылы мұндай егіс 10 мың гектар, 1953 жылы — 15 мың гектардан артық болды, ал 1954 жылы сыдыра жыртылған ашызға егілген егіс 45.200 гектарға жетті.

* * *

—Біздің системамызды талдап шешу, —деді Мальцев жолдас баяндамасының қорытындысында,— әлі толық анықталған жоқ, ал біз белгілеген агротехника тәсілдерін бізде қолданылып жүрген қалпында еліміздің барлық аудандары үшін ұсынуға болмайды. Мұнда бірсарындылыққа жол беру мүмкін емес. Кәзіргі әңгіме біздің тәсілдерімізді әдеттегі тәсілдермен әншейін ғана салыстырып, мұның қайсысы жақсы екенін анықтауда ғана болып отырған жоқ. Біржылдық өсімдіктердің белгілі жағдайда топырағы органикалық заттармен және шіріндімен байыта алатынына, демек, топырақтың құнарлылығын арттыра алатындығына көз жеткен барлық ғалымдар, ауыл шаруашылығының мамандары, колхозшылар, МТС және совхоз қызметкерлері топырақты терең жырту, дақылдарды топырағы жыртылмай, сыдыра жыртылған ашызда ұзақ уақыт өсіру туралы, жергілікті жердің топырағы мен климат жағдайын еске ала отырып, пар жырту мерзімдері және топырақ өңдейтін құралдар туралы мәселелерді әрбір облыстың, ауданның және колхоздың нақты жағдайында шешуге тиіс.

Топырақтың құнарлылығын және егіншіліктегі егін өнімділігін арттыру міндетін тек жаппай күш жұмсағанында ғана күшейтуге болады.

Егіншіліктің ең маңызды мәселелері жөніндегі творчестволық дискуссия бұл мәселелердің дұрыс шешімін табуға көмектеседі. Біз, деді баяндамашы, ғылыми қызметкерлердің, МТС, колхоз және совхоз мамандары мен озаттарының топырақ өңдеудің жаңа системасын онан әрі практика жүзінде талдап шешу ісіне қатысуын, социалистік егін даласының шығымдылығын арттырып, елімізде астықты, етті, сүтті және басқа ауылшаруашылық өнімдерін көп беретін болуын, сөйтіп таяудағы жылдардың ішінде Отанымыздың халқының халық тұтынатын тауарлар жөніндегі өсін отырған талаптарын молынан қанағаттандыратын болуын өтінеміз.

(«Правда», 8 август).

Баяндама қысқартылған стенограмма бойынша басылып отыр.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымдарының жаңа оқу жылындағы міндеттері

☆
П. ЕГОРОВ,
ҚКП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі
☆

Коммунистік партия жеңімпаз марксизм- ленинизм идеяларын кеңінен насихаттауға, біздің кадрларымызды революциялық теориямен қаруландыруға әрқашан көңіл бөліп келді және бөле береді де. СОКП-ның XIX съезі коммунистердің, барлық қызметкерлердің идеялық- саяси даярлығын үнемі жетілдіріп отырудың қажеттігін атап көрсетті.

Облыс партия ұйымдары кадрларымыздың маркстік- лениндік теориямен қарулануына үлкен маңыз беріп, партия оқуына үнемі көңіл бөліп келеді. Өткен жылы облысымызда марксизм- ленинизм кешкі университеті, аудандық партия мектептері, партия және совет активінің семинарлары, жүздеген ұйымдар мен саяси мектептер жұмыс істеді. Мыңдаған коммунистер орта және арнаулы жоғары оқу орындарында сырттан оқып, білімдерін көтерді.

Партия комитетінің партия оқуына басшылық жасауда тәжрибесі молайды. Өткен жылы Совет ауданындағы партия, совет активінің семинары жақсы жұмыс істеді. Мұнда лекциялардан басқа тарих және партия теориясы, ауыл шаруашылығы өндірісі мәселелері жөнінде, аудан партия ұйымдарының міндеттері, еліміздің ішкі және халықаралық жағдайлары туралы баяндамалар жасалды.

Насихатшыларды дұрыс іріктеп алып, олардың идеялық және методикалық жағынан білімдерін жетілдіруге күнбе- күн көңіл бөлген жерде партия ұйымдарының партия оқуында тамаша табыстарға жетістінін тәжрибе көрсетіп келеді. Насихатшы —партия оқуындағы басты тұлға, ол партия ұйымдарының марксизм-ленинизм теорияларын насихаттау жұмысындағы тірегі. Серин жолдас (Октябрь ауданы) 20 жылдан бері насихатшы болып істеп келеді. Ол өткен жылы аудан орталығындағы СОКП тарихын үйренетін жоғары типті ұйірмені басқарды. Насихатшы Серин жолдас сабақты үлгілі өткізіп, материалды кәзіргі жағдаймен, аудан алдында тұрған міндеттермен байланыстырып отырды. Сол сияқты, Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхозы партия ұйымының насихатшысы Сергеев, Полудень ауданының насихатшысы Хохолков жолдастар және басқалары өз жұмыстарында айтарлықтай табыстарға жетісті. Көптеген насихатшылар ұйірмелер мен саяси мектептердің сабақтарын мазмұнды жүргізіп, тыңдаушылар арасында марксизм-ленинизм теорияларын шеберлікпен насихаттады, өздері де идеялық жағынан өсті.

Мұнымен бірге, партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылында бірқатар елеулі кемшіліктер де кездесті. Көптеген партия ұйымдары еріктілік принципін бұзды. Коммунистердің жағдайларымен сапасыды, партия тарихын үйренір жүргендер жоғары типті ұйірмелерге қалай болса, солай ауыстыра салынды.

Партия комитеттерінің, партия ұйымдарының, колхоз, совхоздың және МТС-тің алдындағы міндеттермен байланыстырылмады. Әрине, ұйірмелер мен саяси мектептердің мұндай сабақтары коммунистердің саяси жағынан өсуіне толық мүмкіндік бермейді, олардың өтілген материалды терең меңгеруіне, көмектеспейді, сабаққа ынтасын кемітеді.

Міне, осы аталған кемшіліктер жаңа оқу жылында қайталанбауға тиіс. Партия ұйымдары партия оқуы жүйелеріне коммунистерді қамтығанда әрбір коммунистпен әңгімелесіп, олардың тілегін, жұмыс жағдайын, жасын еске алуы керек.

Саяси оқудың негізгі түрлерінің бірі— коммунистердің өздігінен оқуы. Оқудың бұл түрі марксизм- ленинизм теорияларын меңгерудің негізгі әдісі болып табылады. Мұнымен бірге, өздігінен даярлану —партия оқуының өте күрделі учаетогі.

Қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары өздігінен оқитын коммунистер үшін лекциялар оқуды, консультация беруді ұйымдастырып, олардың тілектері мен қажеттерін қанағаттандырып, күнбе- күн көмектесіп отыруы керек. Бұл партия комитеттерінен лекциялық насихатқа басшылықты анағұрлым жақсартып, лекциялардың идеясын, сапасын үнемі бақылап отырудыкерек ететіні сөзсіз. Тарих және партия теориясы, саяси экономия жөнінде, ауыл шаруашылығы мәселелері туралы циклді лекциялардың тақырыбын мейлінше көбейту керек. Бұл үшін кәзірден бастап штаттан тыс лекторлар тобын іріктеп алып, оларға лекциялар дайындауды тапсырған дұрыс.

Қалалық партия комитетінің жанында марксизм- ленинизм кешкі университеті жұмыс істейді. Оқудың бұл түрін марксизм -ленинизм классиктері шығармаларын өздігінен оқуда тәжрибесі бар, орта білімі бар коммунистерге ұсыну керек. Марксизм- ленинизм кешкі университетінде партия, совет аппараттарының қызметкерлері, интеллигенцияның, тіпті орта білімі жоқ партия ұйымдары секретарьларының оқуына да болады. Университетте оқу мерзімі үш жыл. Қалалық партия комитеті жаңа оқу жылына тыңдаушылар алуға кірісе бастады.

Қалалық және аудандық партия комитеттерінің жанында өткен жылдардағы сыяқты кешкі партия мектептері, партия және совет активінің семинарлары болады. Аудандық партия комитеттері кәзірден бастап МТС-тер мен совхоздардың жанынан партия мектебін ұйымдастыруды қамтамасыз етуі керек. Ал, бұл мәселені шешуге формальді қарауға болмайды. МТС-тер мен совхоздардың жанынан партия мектебінде оқыйтын тыңдаушылар оқу жүйесін ойдағыдай аяқтап шығуына жетісуі керек. Ұйірмелердің саны аз болса да, олар жақсы жұмыс істейтін болсын.

Саяси даярлығы аз коммунистер үшін кәзіргі саясат мәселелері жөнінде саяси мектептер мен лекторийлер ұйымдастырған дұрыс. Бұл лекторийлерде үнемі жалпы саяси тақырыптарда лекциялар оқуды ұйымдастыру қажет.

Партия ұйымдары өздерінің жалпы білімін көтеріп, орта, жоғары оқу орындарында оқып жүрген коммунистердің оқуына қажетті жағдай туғызуға ерекше көңіл бөлуі керек. Шала сауатты коммунистер таяудағы уақыттардың ішінде ең кем дегенде бастауыш мектептің көлемінде білім алуға тиіс.

Партиялық насихаттың дәрежесі негізінен лекторлар мен насихатшылардың құрамына байланысты екенін ескеріп, партия ұйымдары оларды іріктеп алуға баса көңіл бөлуі керек. Облыстық партия комитеті үстіміздегі жылы насихатшылардың бірайлық семинарын өткізді. Мұнда партия, комсомол оқуы жүйелеріндегі штаттан тыс 250 насихатшылар оқыды. Олардың көпшілігі программаны айтарлықтай меңгеріп, ұйірме сабақтарын идеялық жоғары дәрежеде өткізуге мүмкіндік алды. Партия ұйымдары оларды дұрыс орналастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Партия оқуы жүйесінде сабақ берудің методикасын жақсартуда партия комитеттерінің кітапханалары үлкен роль атқарады. Мұнда партия тарихы жөнінде лекциялар оқуды, маркстік- лениндік теорияларды оқып жүрген коммунистер мен насихатшыларға көмек ретінде консультациялар ұйымдастыруды қамтамасыз ету керек. Партия комитеттерінің кітапханалары жанынан, штаттан тыс консультанттар тобы ұйымдастырылып, олар колхоз, совхоздардың және МТС-тердің насихатшыларына тікелей көмек көрсетіп отыруы қажет.

Партия комитеттері насихатшыларға көмек ретінде оқу жоспарының ең қиын тақырыптарынан, халықаралық жағдай, еліміздің, және өзінің ауданының экономикасы мен мәдени өмірі жөнінде семинарлар өткізіп тұруға міндетті. Мұндай маңызды іске ауданның басшылары және ауыл шаруашылығы мамандары белсене қатысуы керек.

Әрбір коммунист жаңа оқу жылында өзіне таланты күшейтіп, партияның олардан марксизм- ленинизм теорияларын догмалықпен, жаттаумен емес, творчестволық жолмен меңгеруін талап етіп отырғанын естен шығармауға тиіс. Ал, насихатшылар сабақты қызықты, тартымды өткізіп, программалық материалды бүгінгі міндеттермен байланыстырып отыруға тиіс. Мұнымен бірге, сабақтың идеялық мазмұнына да жете көңіл бөлу қажет.

Егінді ең қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алайық!



Петропавл элеваторына жаңа астық артқан машиналар күн сайын көптеп келуде.

СУРЕТТЕ: Петропавл элеваторынынлаборанты **А. Алексеева** Приешім ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздан әкелінген астықтан анализ алып тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Астық ысырабына қарсы күрес нашар жерде

Бұл күндері Ленин ауданындағы колхоздарда егін жыйнау және астық дайындау жұмыстары күн сайын қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл әбден заңды да. Өйткені, егін жыйнау мен астық дайындаудың ойдағыдай өткізілуі ауыл шаруашылығын жан-жақты өркендету жолындағы күрестің табысты болуын қамтамасыз етеді.

Бірақ, егін жыйнау астық дайындау жұмыстарының аса зор маңызына аудандағы кейбір МТС-тер мен колхоздардың басшыларының жете мән бермейтінін айта кетуіміз керек. Бұл жөнінде Ильич атындағы МТС-ті және оның қамтуындағы колхоздарды мысалға алуға болады.

МТС басшылары (директоры Букатин жолдас) егін жыйнаудың жаппай басталып қалғанына қарамастан комбайндарды жөндеу жұмысын толық аяқтауды ұйымдастыра алмай отыр. Калинин атындағы, Аманкелді атындағы колхоздарда жұмыс істеуге бөлінген 6 комбайн осы уақытқа дейін жөнделмей, МТС мастерскойы жанында тұр. Ал, жөнделуден өткізілген комбайндардың өдәуір бөлегі өте сапасыз жөнделгендіктен астық ысырабы болып келеді, оның үстіне комбайндар жұмысқа өнімсіз пайдаланылады. Мәселен, Сталин атындағы колхозы № 13 бригадары бір күн босқа тұрды. Колхоз председателі Аяғанов жолдас бір комбайн агрегатына сабан шөмелеуші бөлмеген. Комбайннан астық алатын транспорт тұрақтандырылмаған. Міне, бұл жағдайлар комбайншылардың еңбек өнімділігін арттыруына елеулі бөгет болып отыр.

Жабық қырмандардың бірде- бірі толық жөнделмеген. Олардың астық үйетін алаңдарының көлемі шағын. Астық тазартатын машиналар қырман басына жеткізілмеген. Двигательдің жөнделмей МТС мастерскойында жатуы себепті қырманда тұрған екі астық пульті жұмысқа қосылмаған. Осылардың салдарынан бастырылған 200 центнерден астам астық қырманда тазартылмастан және кептірілмеген жатыр.

Колхоз партия ұйымының секретары Ақмаганбетов жолдас егіншілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарын басқарудан тысқары қалып келеді. Партия ұйымының есебінде тұратын 20 коммунист бар. Бірақ, олардың бірде-бірі егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының жауапты участоктеріне тағайындалмаған. Партия ұйымы коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыру жөніндегі шаралары [illegible]

Кемшіліктер тез жойылсын

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың егіні быйыл жылдағыдан әлде қайда бітік шықты. Бұл бітік шыққан егінді мезгілінде жыйнап алу үшін МТС механизаторлары ерекше еңбек етіп келеді. Бастырылған жаңа астықтың колхоз қырманына түскеніне бірнеше күн болды. Алайда, оны кептіру, тазалау жұмыстарының барысы өте нашар. Колхоздың ортақ қырманында екі «ВИМ» дәнтазартқыш машинасы бар. Ал, олардың бірде- біреуі әлі күнге дейін МТС-тен мотор әкелінбегендіктен іске қосылмай келеді. Сондықтан бидайды елеу, тазалау жұмыстары қолмен жүргізіледі. Мұның өзі еңбек өнімділігінің өте төмен болуына әкеліп соғып отыр.

Соның өзінде жабайы астық тазартқыштар саналы жөнделмеген. Ал, оларды жөндейтін ұста дукені жұмыс істемейді. Өйткені, колхоз председателі Трофименко жолдас колхоз ұсталарына өз шаруашылығын істеуге рұқсат етіп, ұста дукенінің жұмыс істемеуіне өзі себепкер болып отыр.

Колхозда еңбек ұйымдастыру жұмысы нашар. Осының салдарынан көптеген колхозшылар егін жыйнау жұмысына қатыспай өз беттерімен жүр. Ал, жұмыс істеп жүрген колхозшылардың еңбек өнімділігі төмен. Трофименко жолдастың өзі жұмыс басында өте сирек болады. Басқарма мүшелері де егіншілерге күнбе- күн басшылық жасаудан тысқары қалып келеді. Осының салдарынан колхозда бастырылған астықты қолма- қол тазарту, кептіру және дайындау пунктіне жөнелту жұмыстары өте нашар ұйымдастырылған.

Кәзір астық жыйнау науқанының қызу кезені туды. Бұл кезеңнің әрбір сағат, минут уақыты қымбат. Сондықтан колхоз басшылары істегі орын алған кемшіліктерді шұғыл жойып, егін жыйнау мен астық дайындауды ойдағыдай ұйымдастырып, үлгілі өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

В. ЛИЗУН.

Егін жыйнау қызу жүргізілуде

Октябрь ауданы, «Щит» колхозының мүшелері мен механизаторлары әуе райының құбылмалы жағдайына қарамастан егінді неғұрлы қысқа мерзім ішінде жыйнап алуға және астықты мемлекетке көп өткізуге күш-мүмкіншіліктерін жұмылдырып отыр. Колхозда істейтін 12 комбайн және оның механизаторлары өз міндеттерін жақсы атқаруда. Комбайншы Иван Тараненко «Сталинец—6» комбайнымен, ал, Антон Сычевой өздігінен жүретін комбайнмен 5 күн ішінде 79 гектар бидайық, 39 гектар қара бидай орыы, одан 178 центнер бидайық 450 [illegible]

мен бастауыш партия ұйымдары насихатты кадрларды дұрыс пайдаланбайды. Олардың сабаққа даярлануына мүмкіндік берпей, көптеген партиялық тапсырмалар береді. Мұның өзі сабақтың идеялық сапасын жақсартуға кері әсерін тигізеді.

Насихатшылардың семинарларына қатысушылардың саны жеткілікті және даярлығы бар насихатшылар мен оқытушылар болған уақытта ғана партия мектептерін ұйымдастыруға болады.

Өткен жылғы сыяқты, биыл СОКП тарихын үйренетін, жоғары типті, саяси экономия, диалектикалық және тарихи материализмді үйренетін үйірмелерге тыңдаушылардың санын көбейту мақсатымен коммунистердің барлығын қамтыл беруге болмайды. Партия ұйымдары мұндай үйірмелерді ұйымдастыру үшін, біріншіден, үйірмеде оқуға тілек білдірген тыңдаушылардың санын, екіншіден, тәжірибелі, теориялық даярлығы бар насихатшылардың болуын ескеруі керек.

Әрбір партия ұйымы үйірмелердің үнемі жұмыс істеуіне, үйірме сабақтарының идеялық жоғары дәрежеде өтуіне, барлық тыңдаушылардың өздері таңдап алған

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы октябрьде басталады. Оқу жылының басталуына аз ғана уақыт қалды. Міне, сондықтан да, партия ұйымдары осы жылдың 20 сентябріне дейін партия оқуына коммунистерді қамтуды аяқтауға міндетті. Партия ұйымдарының секретарьлары насихатшылармен бірлесе отырып, әрбір коммунистпен тағы да кеңесіп, оның тілегін, жалпы білімі мен саяси дәрежесін, жұмыс жағдайын және басқаларын ескеріп, оның жаңа оқу жылында партия оқуының қай түрінде оқуын, қай жерде оқу оған қолайлы екенін шешуі керек.

Партиялық насихат совет адамдарын жаңа еңбек табыстарына жігерлендіріп, оларды партия мен үкімет алға қойған міндеттерді әбіймен орындау күрестеріне жұмылдыру дәрежесінде жүргізілуге тиіс.

комбайнды бір күн жұмыс істегеннен кейін техникалық жарамсыздықтан екі тәулікке жуық тоқтап тұрды. Сол сыяқты, осы колхозда жұмыс істеуге бөлінген № 16 «Сталинец-1» комбайны да техникалық жарамсыздықтан боска тұрумен бірнеше күн өткізді. Ал, Аманкелді колхозындағы 9 комбайнның үшеу-төртеуі күн сайын боска тұрады. МТС басшылары мен мамандары трактор бригадаларында үнемі болып отырмайды. Сынып, тоқтап қалған тракторлар мен комбайндарды қолма-қол жөндеп, дереу іске қосуды нашар ұйымдастырады.

Мұнымен бірге, техникалық жағынан іске жарамды комбайндардың қуатын өнімді пайдалануға кейбір колхоздарда жағдай жасалмаған. «Бірлік» колхозында жанар және жағар майлардың уақытылы жеткізілмеуінен күздік қарабидайды жыйнап жүрген екі «Сталинец-6» комбайн-

жыйнау, астық дайындау жұмыстарына басшылық етуі нашар жағдайда. Олар колхоз басқармаларынан комбайн агрегатының жұмыс өнімділігін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруды қатаң талап етпейді. Трактор бригадалары бригадирлерінің, комбайншылардың, тракторшыладың өзіне тапсырылған жұмыстарды атқаруға жауапкершілігін күшейтіп отырмайды.

МТС, колхоз басшылары егін жыйнауда орын алып келген кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, бұл жұмысты ұлғілі жүргізу үшін барынша икемділікпен оперативті басшылық жасауға міндетті. Сейтіп, егін жыйнау мен астық дайындаудың ойдағыдай жүргізілуін қамтамасыз етулері қажет.

З. ҚАСКЕЕВ,

Явленка. (Арнаулы тілшіміз).

тыра түсуде.

Сол сыяқты, комбайншы А. Носко, И. Брант жолдастар да күн сайын 25 гектарға дейін егін шауып, бірнеше килограмм жанармай үнемдеді. Колхоз мүшелері МТС механизаторларымен өзара тығыз байланыс жасап, егін жыйнау жұмысын қысқа мерзім ішінде аяқтап және одан мол өнім алу үшін барлық жағдайды жасады. Колхоздың егіс даласындағы қара бидайдың әр гектарынан орта есеппен 10—15 центнер өнім алынуда.

Колхоз мемлекетке астық тапсыру жөнінен аудан көлемінде бірінші болып, Петропавл элеваторының астық қоймасына 200 центнерден астам бидай өткізді. Сонымен бірге аудандағы «Қызыл ту», «Гигант» колхоздарында да егін орағы қызу жүргізілп жатыр. Бұл колхоздар да мемлекетке жаңа астықты көптеп тапсыра бастады.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.
(Өз тілшіміз).

Күніне 21—23 гектар

Петропавл МТС-нің комбайншысы В. Пащенко жолдас өздігінен жүретін «С-4» комбайнымен 700 гектар егін жыйнап, 7 мың центнер астық бастыруға міндеттенген болатын. Ол Пушкин атындағы колхозда (Петропавл ауданы) егін жыйнауға кіріскен күннен бастап, бұл міндеттемесін орындау жолындағы күресте айтарлықтай табыстарға жетіп келеді.

Пащенко жолдас күндік тапсырмасын үнемі 2 есе орындай отырып, 8 жұмыс күні ішінде 170 гектар егін жыйнады. Өткен бескүндікте оның күн сайын жыйнаған егіні орта есеппен алғанда 21-23 гектарға жетті. Агрегат мүшелері комбайнды техникалық жағынан жүту ісін жақсарта отырып, көзір еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуде.

К. ҚАБЫКЕНОВ.

„Ленин туының“ дабылынан

кейін

«МӘДЕНИ-ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕСІНЕ ЖЕТЕ КӨҢІЛ БӨЛІНСІН»

Газетімізде «Мәдени- құрылыс мәселесіне жете көңіл бөлінсін» деген тақырыпен мақала жарияланған-ды. Бұл мақалада Булаев ауданында мәдени-құрылыс мәселесіне әлі де болса жете назар аударма́й отырғандығы, құрылыс жұмыстарының өте баяу және сапасыз жүргізілетіндігі, Булаев ауданының орталығы мәдениет жағынан артта қалып келе жатқандығы сынға алынған болатын.

Булаев аудандық Совет атқомі редакцияға берген жауабында, газет мақаласы Совет атқомінің мәжілісінде талқыланып, онда көрсетілген фактілер толық анық деп табылғандығын хабарлады. Мақалада көрсетілген кемшіліктерді жойып, жаңа құрылыстар салуға және оның сапасын жақсартуға аудан орталығын көркейту жұмыстарының қарқынын күшейтуге бағытталған нақтылы шаралар белгіленген.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

„СИБИРЬ“ ПАВИЛЬОНЫНДА

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің «Сибирь» павильонында Алтай және Красноярск өлкелері, Омскі, Тюмень, Новосибирь, Кемеров, Томск, Иркутск облыстары және Тувин автономиялы облысы колхоздарының, совхоздарының, машина- трактор станцияларының, ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыларының, ғылми мекемелерінің табыстары көрсетіледі.

Павильон үйі үлкен де, сәулетті де. Ол өзінің есте қаларлық архитектуралық түрімен еліміздің бай өлкесі — Россия Федерациясының астықты бір ауданын көзге елестететі.

Павильонның кіре берісі биіктігі 25 метрлік колонналарымен әшекелейлентен. Көрмеге келуші үй ішіне кіре бере-ақ шексіз байлық өлкесі —Сибирьді бейнелейтін 80 шаршы метрлік паннога бірден көңіл аударады. Панноның алды сибирьлік тайғаның бай өсімдігі —арша, терек, қарағай, емен. Биік тәулар біртіндеп жазыққа айналады, қуатты өзендер ағып, көз жетпес алысқа поездар кетіп жатады. Ұшан- теңіз егін мен шабындықтардың дөңгейінде электр сөтінің жоғары вольтті мачталары, көптеген заводтар мен фабрикалардың мұржалары көрінеді.

Панно тұрған қабырғаның өзінде, оның келесі залға кіре беріс оң жағында да, сол жағында да жаңа жерлерді игеруді бейнелейтін сурет тұр. Суреттерді сибирьлік суретші П. В. Титков пен К. Н. Цекотов салған. Оларда құнарлы тың және тыңайған жерлердің шексіз, шетсіз аймақтары, оларды игеруге әкелінген қуатты техника, Коммунистік партияның шақыруы бойынша жаңа өлкелердің байлықтарын игеріп жаткан совет патриоттары бейнеленген.

Кіре беріс залдағы стендаларға орналастырылған материалдар Сибирьдің алдыңғы қатарлы колхоздарының, МТС- лері мен совхоздарының тың және тыңайған жерлерді игеру ісіндегі тәжрибелері мен табыстарын көрсетеді. Мысалға Алтай өлкесіндегі Бочкарскі МТС-і қамтыйтын «Путь к коммунизму» колхозын алайық. Ол 1953 жылы көтерілген 200 гектар тыңның әрбір гектарынан 32 центнерден жазғы бидай жыйнады. Красноярск өлкесі Канск ауданындағы «Завета Ильича» колхозы сол жылы 300 гектар алаңның әрбір гектарынан 20 центнерден бидай жыйнады. Алтай өлкесіндегі Харитоновск МТС-інен Русаковтың комсомолцтерден құралған трактор бригадасы 1953 жылы Тельман атындағы колхозда 300 гектар алаңның әрбір гектарынан 21,7 центнерден жазғы бидай жыйнады.

Максим Горький Сибирь туралы: «Бұрын Сибирь азапты еңбектің мекені, орасан зор қайғы- қасреттің, бұтау мен өлімнің кең- байтақ өлкесі еді. Кәзір ол жер жаңарған колхоз жері—советтік Сибирь, социалистік құрылыстың өлкесі» деп жазған болатын. Туруханск өлкесінде, қатал тайғалы-сазды Нарымда, Саян қыратының дөңгейінде табыстары павильон залдарында көрсетіліп отырған көл хоздар мен совхоздардың құнарлы егін далалары мен шөбі шуйгін шабындықтары созылып жатыр. Бұрын өмір жоқ деп есептелетін жерлер — Барабин орманды даласының сазды бөлімдері, Құлынды даласының қуаң аудандары мал шаруашылығының орталығына, Совет Одағының астықты ауданына айналуда. Алыс тұндрада үлкен заводтары, көркейтілген көшелері бар көп адамды қалалар өсті.

Павильонға қойылған заттай экспонаттар Сибирьдің ауылшаруашылық дақылдарының әр түрлі екендігін және оларға байлығын сыйпаттайды. Олардың ішінде жұмсақ және қатты бидайлар мен басқа да дәнді дақылдардың баулары, бұршақты және дәнді шөптердің тұқымдары мен баулары, жеміс тамырлы өсімдіктер, бал, май, сыр, брынза, мал шаруашылығының және басқа да өнімдері, балық және балық тағамдары, овощтар, қарбыз, қауын, жаңғақ, жеміс- жидек, ақ терілері және басқалары бар. Зығырдың, кендірдің баулары, күнбағыстың тұқымы, қант қызылшасының зор тамыр сабағы —мұның барлығы Сибирь жерінде техникалық дақылдарды өсірудің өркендегенін дәлелдейді. Өлкенің ағаш байлықтары жөнінде Сибирь аршасының, майқарағайдың, қайыңның, қарағайдың, теректің, еменнің және басқа да ағаш түрлерінің кесінділері баяндап тұр.

Көрмеге келуші кіре берістегі залдан өлкелер мен облыстардың онымен іргелес келетін тоғыз залының ортасына орналастырылған дөңгелек зал дейтінге бет алады. Бұл залдың едені басқа залдардың еденінен бір метр биік.

Барельефінде В. И. Ленин мен И. В. Сталин бейнеленген түрлі түстен құрастырып жасалған нақышты панноның дөңгейіндегі дөңгелек залға тың және тыңайған жерлерді игеру туралы баяндайтын материалдар орналастырылған стенд қойылған. Мраморлы колонналардың арасына бұл бай өлкенің ауыл шаруашылығының негізгі салаларын баяндайтын заттай экспонаттар қойылған төрт төбешік орналастырылған. Төрт кең басқыш бұл жерден айналып тұратын залға апарады, ол залда Сибирь өлкелері мен облыстары таңдаулы колхоздарының. МТС- терінің совхоздары мен басқа да шаруашылықтарының және ұйымдарының табыстары көрсетіледі.

Алтай өлкесі залындағы стенділердің бірінде 1952 жылы 1.623 гектар алаңның әрбір гектарынан 16 центнерден дәнді дақыл, 731 гектар алаңның әрбір гектарынан 19,1 центнерден жазғы бидай, 214 гектар алаңның әрбір гектарынан 18,5 центнерден сұлы жыйнаған. Усть- Пристанск ауданындағы «20 лет Октября» колхозының табыстары көрсетіледі.

Енді бір стендіде Алтай тұқымдас отандық атақты биязы жүнді қойдың мекені —Рубцовка ауданының табыстары көрсетіледі.

Омск облысы экспонаттарының ішінде көп салалы ірі шаруашылық — Северо-Любинскі совхозы тұр. Бұл совхозда далалық қызыл тұқымдас 1.754 бас ірі қара мал бар. Мұнда әрбір сыйырдан алынған сүт орта есеппен 1952 жылы 4.076, ал, 1953 жылы 4.198 килограмм болды. Үздік өнімді сыйырлардан сүт өте көп сауылды. «Артистка» деген сыйыр 1953 жылы майлылығы 3,85 проценттік 6.935 килограмм, «Заря» деген сыйыр майлылығы 3,7 проценттік 7.122 килограмм сүт берді. Совхоз мемлекетке жыл сайын екі миллион килограмнан аса сүт тапсырып отырады.

Новосибирь облысынан қойылған экспонаттардың бірі — Сузунскі ауданы, Ленин атындағы колхоз болып саналады. Бұл шаруашылық 1952 жылы 1.427 гектар алаңның әрбір гектарынан 18.7 центнерден жазғы бидай жыйнады.

Кемеров облысының залында 1953 жылы 19,4 гектар алаңның әрбір гектарынан орта есеппен алғанда 406,4 центнерден капуста, 7 гектар алаңның әрбір гектарынан 349 центнерден сәбіз және 9,5 гектар алаңның әрбір гектарынан 363 центнерден қызылша алған Кузнецкі ауданындағы «Пятилетка в 4 года» колхозының табыстары көрсетілді. Томск облысының залына бұрынғы Нарым округінің ит тұмсығы өтпейтін тайғасында 1952 жылы ұйымдастырылған «Северное сияние» колхозы қойылған. 1953 жылы ол 95 гектар алаңның әрбір гектарынан 4,6 центнерден зығыр торқасын, әрбір гектардан 4,6 центнер зығыр тұқымын жыйнады және әрбір 100 сыйырдан 100 бұзау өсірді. Тюмень облысының екі стендінде Викуловск ауданының Фрунзе атындағы колхозының табыстары көрсетіледі, бұл колхоз 1953 жылы 2.116 гектар алаңның әрбір гектарынан орта есеппен алғанда 17.5 центнерден жазғы бидай, 421 гектар алаңдағы клевер шөбінің әрбір гектарынан 51 центнерден шөп, 154 гектар алаңның әрбір гектарынан 6,1 центнерден зығыр торқасы мен 4,3 центнерден зығыр тұқымын жыйнады. Бұл холхоз 1952-1953 жылдары 257 гектар тың және тыңайған жерлерді игерді, 700 гектар батпақты жерді құрғатты. Иркутск, Тувин облыстарының, Красноярск өлкесінің және басқаларының таңдаулы шаруашылықтары кеңінен көрсетілген.

Кіре берістегі залдың және өлкелер мен облыс залдарының экспозициялары Сибирьді зор кендіктің және таусылмайтын табиғат байлығының өлкесі ретінде суреттейді. Сибирь бидайы, биязы жүнді қойлардың жүні, Сибирь еті және балы, Сибирь ағашы, ақ терілері, Кузнецкінің көмірі мен болаты, алтай тракторлары, красноярск комбайндары, барнаулдың ситеці, енесейдің, обьтың, ертістің балықтары —дүние жүзіндегі зор орманды, шексіз- шетсіз далалы, мол сулы өзенді, әсем шың таулы, көмірдің, темірдің, алтынның және басқа да көптеген пайдалы кендердің сарқылмас қорлары бар.

Коммунистік партияның еркімен Сибирь социалистік индустрияның қуатты базасына, гүлденген ауыл шаруашылығы өлкесіне айналды. Оның сарқылмас байлықтары елімізде коммунизм орнатудың ұлы міндеттеріне қызмет етеді.

Шаруашылықтың социалистік системасы нәтижесінде Сибирьде зор көлемді жаңа жерлер игерілді. Тек екінші бесжылдық жылдарында ғана мұнда 7 миллион гектардай тың көтерілді. Бағалы дәнді дақыл —жаздық бидай, сол сыяқты овощ және бау- бақша шаруашылығы алыс солтүстікке қарай жылжыды. 1954 және 1955 жылдары миллиондаған гектар құнарлы және тыңайған жерлер жыртылады.

Павильонда Сибирьдің автономиялық, облыстары мен ұлт округтерінің: Хакасс, Горно-Алтай және Тувин, Таймыр, Эвенк, Усть- Ордынск, Бурят- Монгол, Ханты-Манси және Ямало-Ненеци ұлт округтері халықтарының ауыл шаруашылығындағы табыстары көрсетіледі.

Мұнда жыйналған барлық материалдар Советтік Сибирьдің еңбек сүйгіш, көп ұлтты халықтарының Коммунистік партияның басшылығы арқасында қол жеткен зор табыстары жөнінде дәйекті түрде баян етеді.

Д. УДАЧИН,

«Сибирь» павильонының директоры.

Халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің маңызды шарты

Соңғы уақытта көптеген капиталистік елдерде демократиялық лагерьдегі елдермен дұрыс экономикалық қатынастар орнауын болдырмауға бағытталған АҚШ-тың сыртқы сауда саясатына қарсы наразылықтар барған сайын үдей түсуде. Көрнекті мемлекет қайраткерлері, іскер топтардың, қалың бұқараның өкілдері Шығыс пен Батыс арасындағы өзара тиімді саудаға кедергі болып отырған жағдайды бөгеттерді жоюды барған сайын қатаң талап етуде.

Мысалы, осы жылғы февральда қауымдар палатасында сөйлеп, Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен сауданы кеңейтуді ұсынған ағылшын премьер- министрі Черчилльдің мәлімдемесі осыны көрсетеді. Лейбористер үкметінің бұрынғы сауда министрі Гарольд Вильсон Шығыс пен Батыс арасында сауданы дамытуды қатаң талап етуде. Көптеген фактілер және баспасөздің хабарлары Батыс Германияның іскер топтары Совет Одағымен және демократиялық лагерьдің басқа да елдерімен экономикалық байланыстар орнатуға ұмтылып отырғандығын дәлелдейді.

Мұндай талаптар Азияның және Латын Америкасының бірқатар елдерінің қоғамдық және іскер топтары тарапынан да айқын байқалып отыр. Мұны Бразилияның бұрынғы президенті Артуро Бернардестің мәлімдемесінен көруге болады. «Біздің сыртқы рынокымызды кеңейту қажет, —деді ол, —және тек ССРО-мен ғана емес, сонымен қатар Қытай Халық Республикасымен, Венгриямен, Румыниямен және Болгариямен сауда қатынасын қайта орнату керек».

Бұл талаптарды дұрыс бағалау үшін екі түрлі жағдайды ескерген жөн.

Оның біріншісі сол, —жер шарындағы барлық мемлекеттер арасында,—олардың қоғамдық және мемлекеттік құрылысы қандай болуына қарамастан — дұрыс экономикалық қатынастар орнатылуы бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті нығайтудың аса маңызды факторларының бірі болып табылады. Міне, сондықтан да бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы дәйекті және табанды күрескерлер —Совет Одағы мен халықтық демократия елдері толық тең праволылық, өзара күрметтеу және өзара тиімділік негізде халықаралық экономикалық ынтымақтықты барынша кеңейтудің қажеттігін әрдайым жақтап келді және жақтауда.

Екінші жағдай сол, — дүниежүзілік капиталистік рынокта көзіргі болып отырған жағдай іскер топтарды қатты тынышсыздандыруда. Соғыстан кейінгі дәуірде империалистік реакция халықаралық жағдайды қайтқенде де шиеленістіре түсуге тырысып, капиталистік елдерді қатерлі жолға —Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және европалық халықтық демократия елдерімен дұрыс [illegible] жолына итеріп сап әрі едәуір кеңейе түсті. Империалистер тарапынан ұйымдастырылған экономикалық қоршаудың болуына қарамастан, дүниежүзілік демократиялық рынок пайда болып, нығая түсті. Бұл рынокта демократиялық лагерьдегі мемлекеттердің экономикалық дұрыс өркендеуіне қажетті жағдайлардың бәрі бар. Көзіргі уақытта бұл мемлекеттер экономиканы тез өркендету және халықтың әл-ауқатын арттыру жолымен сеніммен алға басып келеді. Олар, соғыстан бұрынғыға қарағанда, батыс елдерімен өзара пайдалы сауданы өркендету үшін зор мүмкіндіктер алып отыр.

Демократиялық лагерьдегі елдермен дұрыс сауда қатынастарын бұзуға бағытталған арандатушылық саясаты, ең алдымен ,оны іске асырушыларға нұқсан келтіргенін көзір ешкім де қасыра алмайды.

Шығыстағы ежелгі рынокторынан айрылғандықтан, әсресе Батыс Европа елдері, Жапония, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үлкен зардап шегуде. Олардың сауданы кеңейтуге тырысқан барлық әрекеттері ешбір тыянақты нәтижелер бермей отыр. Батыс Европа елдерінің экспорты міне көзір екі жыл бойы бір орыннан жылжый алмай, 1951 жылдың дәрежесінде қалып келеді. Ал оның бер жағында, буржуазиялық баспасөздің мойындауынша, егер Батыс Европа елдерінің демократиялық лагерьдегі елдер арасындағы саудасы соғыстан бұрынғы дәрежеге жеткізілсе батысевропалық елдердің сауда балансындағы дефициттің жартысынан астамы жойылған болар еді. Өткен жылдың апрелінен бастап үстіміздегі жылдың мартына дейін Жапонияның импорты экспорттан 1.263 миллион сом асып түсті, сөйтіп, ол бүкіл соғыстан кейінгі мерзімде ең жоғарғы дәрежесіне жетіп отыр. Жапония американдықтардың қысымымен мөлшерсіз көп қаржы төлеп, көмірді АҚШ-тан алуға мәжбүр болуда. Ал оның бер жағында, Қытай Жапонияға көмірді анағұрлым арзан бағамен сата алады және оны тасымалдауға жұмсалатын шығындар бірнеше есе азайған болар еді. 1953 жылы халықтық Қытайда болған Индонезия кәсіподақтарының делегациясы былай деп мәлімдеді: «Қытай Халық Республикасымен сауда жасауға тыйым салынуы Индонезияның ұлттық өнеркәсібі мен саудасының күйзелуіне әкеліп соқты».

Кезінде Құрама Штаттар басқа капиталистік елдерге демократиялық елдермен сауданы тыюдың есесіне өз импортын, ең алдымен Батыс Европа елдерінің импортын кеңейтуге уәде берген болатын. Іс жүзінде буған керісінше болып шықты. Батысевропалық елдердің АҚШ импортындағы үлесі барған сайын азаюда. АҚШ үкметі мен конгресі Батыс Европадан және басқа капиталистік елдерден шығарылатын товарлардың жолына күн мен күнге жаңа кедергілер қоюда. Мысалы, [illegible] түсті. «Көзір соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде рынокта үшін ең мейірімсіз күрес жүріп жатыр», — деп мойындады жуырда ағылшын газеті «Дейли телеграф энд Морнинг пост».

Мұндай жағдай көптеген капиталистік елдердің іскер топтарын қатты күдіктендірумен қатар, олар тарапынан бұл елдердің экономикасына бүліншілік ықпал жасап отырған американ үстемдігінен құтылуға бағытталған батыл әрекеттер жасалуда. Міне сондықтан да соңғы айларда капиталистік елдерде Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және европалық халықтық демократиялық елдерімен сауда жасауға деген тілек ерекше артып отыр, әсресе бұл сауданың дұрыс өркендеуіне бөгет болып отырған жасанды кедергілерді жою туралы талаптар батыл айтылуда.

Совет Одағы, халықтық Қытай, европалық халықтық демократия елдері капиталистік елдердің демократиялық лагерьдегі мемлекеттермен дұрыс сауда қатынастарын орнатуға бағытталған талабын ықыласпен қарсы алуда. 1953 жылы және 1954 жылдың бас кезінде Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің капиталистік елдермен өзара күрметтеу және өзара тиімділік негізде сауданы едәуір кеңейтуді көздейтін бірқатар сауда договорлары мен экономикалық келісімдер жасасқаны буған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Совет Одағы Индиямен, Франциямен, Италиямен, Финляндиямен, Иранмен, Швециямен, Норвегиямен, Даниямен, Исландиямен, Грециямен, Аргентинамен, Египетпен, Авганистанмен сауда және төлем келісімдерін жасасты. Совет Одағы бұл елдерге мұнай, астық, қара және лигерланатын металдар кендерін, көмір, ақ терісін, өнеркәсін жабдықтарының кейбір түрлерін, ауылшаруашылық машиналарын және басқа товарлар береді. Ал біздің ел капиталистік елдерден ауыр және жеңіл өнеркәсін үшін жабдықтар, кемелер, жүн, былғары, халық тұтынатын әртүрлі товарлар алады. Көзіргі уақытта Совет Одағы дүние жүзінің 50-ден астам мемлекетімен сауда жасайды.

Халықтық Қытай, АҚШ билеуші топтарының қарсылық жасауына қарамастан, Қыйыр Шығыс, Оңтүстік- Шығыс Азия елдерімен, сондай-ақ Батыс Европаның кейбір елдерімен бірсыпыра маңызды келісімдер жасасты.

Жапония мен Қытай арасындағы сауда байланыстары өсуде. Жапонияның сыртқы сауда және өнеркәсін министрінің мәлімдемесі бойынша Жапония мен Қытай арасындағы товар айналымы 1952 жылғы 679 мың доллардан 1953 жылы 12.421 мың долларға дейін өсті. 1953 жылдың аяқ кезінде Жапон парламентінің жапон- қытай саудасына көмектесу қоғамының делегациясы Қытайда болып, Қытаймен жаңа, бұрынғыдан кеңірек сауда [illegible]

Финляндия сеймі делегациясының Москвадан жүріп кетуі

10 августа Финляндия сеймінің Председателі К. А. Фагерхольм бастаған делегациясы Москвадан Ленинградқа жүріп кетті.

Ленинград вокзалында делегацияны ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председателі А. П. Волков және ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацис, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н.М. Пегов, Москва Советі председателінің Орынбасары Н.И. Бобровников, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары В.Г. Блаженов, Ю.И. Дудин, З.А. Лебедова, А.С. Чутких, ССРО Жоғарғы Советі Президиумы аппараты мен ССРО Сыртқы істер министрлігінің жауапты қызметкерлері шығарып салды.

Делегацияны, сол сияқты, Финляндияның ССРО-дағы уақытша Елшісі Р. Энкель және Елшіліктің қызметкерлері шығарып салды.

Делегацияның Москвадан аттанар алдында Финляндия сеймінің Председателі К.А. Фагерхольм мен В.Т. Лацис сөз сөйледі.

Ленинград вокзалы совет және фин жалауларымен безелді.

(СОТА).

Токиодағы антисоветтік арандатушылар

ШАНХАЙ, 11 август. (СОТА). 9 августа ССРО-ның Токиодағы өкілдігіне фашистік «Айкокуто» партиясының мүшелері ұйымдастырған арандатушылық шабуыл болды.

Көзір мәлім болғанындай, 9 августа, түс кезінде совет өкілдігі үйінің жанында көптеген тілшілер, фотографтар, сол сияқты, полицейліктер пайда болған. Бұдан кейін антисоветтік плакаттар ұстаған 200 ге жақын арандатушылардың тобы машинамен келген. Олар полицейліктердің көзінше темір қақпаны бұзып, өкілдіктің территориясына басып кірген. Сол сияқты олар өкілдіктің бас үйінің үлкен есік. терін сындыруға тырысқан. Шабуыл жасаушылар совет өкілдігінің орамында митинг жасаған, қақпаларға, бас үйдің қабырғаларына және орамның ішіндегі ағаштарға антисоветтік ұрандар мен плакаттар ілген.

Аздан кейін совет өкілдігінің территориясына жапон полициясының үлкен отряды келген, бірақ та полицейліктердің бірде-бірі шабуылшылардың біржарым сағатқа созылған озбырлығына ешқандай бөгет жасамаған. Бұл уақыттардың ішінде совет өкілдігінің қақпасының жанында үстіне радио орнатылған полицейлік машина тұрған. Одан нұсқау берілін тұрған. Полицейліктердің арасында американ разведкасының қызметкері болған.

Кешкі сағат 6-ның кезінде шабуыл жасаушылар команда берілгендей-ақ, совет өкілдігінің территориясын босатқан.

Фактілерден көрінін отырғандай, Токиодағы совет өкілдігіне шабуыл жасау бұрыннан ойластырылған арандатушылық болып табылады. Бұдан екі апта бұрын фашистік «Айкокуто» партиясы бүкіл қалаға антисоветтік ұрандар жазылған листовкалар жапсырып, 9 августы «Совет Одағына қарсы күрес» күні деп жариялауға шақырған болатын. «Ниппон таймс» газеті 6 августа алда болатын митинг туралы мақала жариялап, онда митингінің совет өкілдігінің үйі жанында болатындығын атап көрсеткен.

Индонезия агрессияшыл блоктарға қатыспайды

ДЖАКАРТА, 11 август. (СОТА). Барлық газеттер премьер-министрАстроамиджойоның Оңтүстік-Шығыс Азияда Құрама Штаттар жоспарлап отырған шартқа Индонезияның қатыспайтыны және бұл шартты әзірлеу жөніндегі конференцияға ешқандай байқаушы жібермейтіні туралы мәлімдемесін жариялауда.

«Берита Индонезия» газеті бүгінгі басмақаласында Индонезия үкметінің ұстаған позициясын қызу құттықтап, халықты қырағылық көрсетуге және агрессияшыл американдық жоспарлардың жүзеге асырылуына жол бермеуге шақырған. «Біз—деп жазған газет,—Азия халықтарының арасында шын достық және ынтымақ қатынастарын орнатуға тиістіміз. Біз Индия, Индонезия, Бирма, Қытай Халық Республикасы және Вьетнам сияқты елдер маңызды роль атқаруға тиісті бейбітшіліктің негізін қалауға тиістіміз».

Гоминдандықтардың кезекті арандатушылығы

ПЕКИН, 11 август. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады:

Құрама Штаттардың нұсқауымен әрекет жасаушы Тайванидағы гоминдандық банданың қалдықтары Қытай Халық-азаттық армиясының күзетуші кемелеріне шабуыл жасап, Чжэцзян провинциясының шығыс аудандарын бомбалады.

9 августа 2 сағат 30 минутта гоминдандық екі соғыс кемесі—Фуцзянь провинциясындағы Тасудың маңында күзет қызметін атқарушы Қытай Халық-азаттық армиясының күзет кемелеріне тұтқиылдан шабуыл жасады. Гоминдандық кемелер күзетуші кемелерге көптеген снарядтар атқылап, оларға қарсы жауап ретінде оқ атыла бастағанда кетіп қалды.

4 августа 21 сағатта гоминдандық «РВ-4 У» типті бомбардировщик Чжэцзян провинциясының шығыс бөлегіндегі Сяншань ауданын бомбалап, өртегін және жарылғыш бомбалар тастады.

К. ЭТТЛИ МЫРЗАНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНДЕ БОЛУЫ

11 августа, ағылшын лейбористік партиясының К. Р. Эттли мырза бастаған Қытай Халық Республикасына бара жатқан делегациясы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болды. Делегацияны көрменің директоры академик Н.В. Цицин қарсы алды және ертіп жүрді.

Қонақтар Бас павильонда, «ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру» павильонында, Өзбек ССР-нің павильонында болды, көрменің басқа да бөлімдерімен танысты.

Көрме директоры қонақтардың құрметіне жылы жүзді, достық жағдайында өткен қонақасы берді.

(СОТА).

АҒЫЛШЫН ЛЕЙБОРИСТІК ПАРТИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ МОСКВАДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

Қытай Халық Республикасына бара жатып Москвада болған ағылшын лейбористік партиясының К. Р. Эттли бастаған делегациясы өзінің астанада болған кезінде Ленин тауларындағы Москваның Мемлекеттік университетінде болды, университет басшыларымен әңгімелесті, Кремльмен танысты. 12 августа делегация В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Мавзолейінде болды. Ағылшындық қонақтар Москва вокзалдарының жұмысымен танысты, метрополитенді көрді, емдеу орындарында, Мемлекеттік Универсалтық Магазинде (ГУМ) және басқа магазиндерде, астананың жұмысшылары мен қызметшілерінің пәтерлерінде болды.

12 августа ағылшын лейбористік партиясының К. Р. Эттли бастаған делегациясы Москвадан Қытайға жүріп кетті.

(СОТА).

ССРО ҚЫЗЫЛ КРЕСТ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ЖАРТЫ АЙ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ОДАҒЫ АТКОМІ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ИРАННЫҢ ҚЫЗЫЛ АРЫСТАН МЕН КҮН ҚОҒАМЫНА ТЕЛЕГРАММАСЫ

Су тасқынынан Иран еңбекшілерінің зиян шегуіне байланысты ССРО Қызыл крест және Қызыл жарты ай қоғамдарының одағы атқару комитетінің председателі профессор Г. А. Метерев Иранның қызыл арыстан мен күн қоғамы атына мынадай телеграмма жолдады:

«ССРО Қызыл крест және Қызыл жарты ай қоғамдары одағының атқару комитеті совет жұртшылығы атынан стихиялық апатқа ұшырауына байланысты Иран халқына терең сезімталдықпен көңіл айтады. Су тасқынынан зиян шеккен халықтың жағдайын жеңілдетуді тілей отырып, атқару комитетінің президиумы бұл халыққа көмек көрсету қорына 200 мың сом беруге ұйғарды».

ССРО ҚЫЗЫЛ КРЕСТ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ЖАРТЫ АЙ ҚОҒАМДАРЫ ОДАҒЫНЫҢ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗИЯН ШЕККЕН ИРАН ХАЛҚЫНА КӨМЕГІ

ТЕГЕРАН, 13 август. (СОТА). Кеше ССРО-ның Тегерандағы Төтенше және Толномочиелі Елшісі А. И. Лаврентьев Иранның сыртқы істер министрі Энтезам-

ды. АҚШ-тың және басқа кейбір империалистік мемлекеттердің билеуші топтарының пыйғылы бойынша мұндай саясат демократиялық лагерьдегі елдерге қарсы «қырғыйқабақтық соғыста» басқыншылық қару ролін атқаруы тиіс еді.

Бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздіктің жаулары Шығыс пен Батыс елдері арасындағы сауданы өте қысқартты. Мысалы, АҚШ-тың демократиялық лагерьге кіретін елдермен товар айналымы 1937 жылмен салыстырғанда 1951 жылы он есе азайды. Бұл елдермен Англияның товар айналымы алты есе, Францияның товар айналымы —төрт еседен астам кеміді.

Сонымен бірге өткен жылдардың тәжірибесі сауда қатынастарын үзудің агрессиялық саясаты Совет Одағында, Халықтық Қытайда және европалық халықтық демократия елдерінде өндіргіш күштерді арттырудың және тұрмыс дәрежесін жақсартудың қуатты қарқынын тежей алмағандығын айқын көрсетті. Демократиялық лагерьдегі елдердің сыртқы сауда айналымы 1948 жыл мен 1952 жыл аралығындағы мерзімде екі есе артты, ал олардың өзара товар айналымы бұл уақыт ішінде үш есе астам өсті. 1953 жылы Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің сыртқы саудасы онан әрі 1952 жылмен салыстырғанда 29 процент өсті.

Бұл фактілердің бәрі АҚШ билеуші топтары әлі де жүргізуге әрекеттенім отырған Қытайды экономикалық қоршауға алу саясатының күйрегендігін айқын дәлелдейді.

Польша, Чехословакия, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы капиталистік елдермен өздерінің экономикалық байланыстарын сақтауда.

Сөйтіп, демократиялық лагерьдегі елдер экономикасының артуы және олардың өзара байланыстарының нығаюы бұл мемлекеттердің өзара пайдалы және теңқұқылық негізде капиталистік елдермен сауданы кеңейту үшін мүмкіндіктері жойылмайтындығы, қайта ұлғая беретіндігін дәлелдеп отыр.

Бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға шын мүдделі болып отырған Совет Одағы жер шарының барлық мемлекеттері арасында экономикалық ынтымақты нығайта беру —жалпыға бірдей хауіпсіздікті нығайтудың маңызды құралы деп есептейді.

И. ДУДИНСКИЙ.

Швед баспасөзі АҚШ-тың сауда саясатын айыптауда

СТОКГОЛЬМ, 11 август. (СОТА). Шведтің өнеркәсіп топтарының «Афферсвердден» журналы АҚШ-тың Европа елдерінің сауда мүдделеріне нұқсан келтіріп отырған протекциялық сауда саясатын айыптайды.

«Американ протекционистерінің... шабуылға шыққандығы, деп жазады журнал, барған сайын айқындалуда. Көзір мәлім болғанындай жуырда АҚШ-тың президенті сағаттарға салық салуды өсірді, мұның өзі Швейцария өнеркәсібіне зор соққы болып табылатындығы сөзсіз. Батыс Европаның сыртқа шығарылатын көптеген тауарларына да, әсресе швед және финнің АҚШ-қа шығаратын құрылыс картоны тауарларына да зор хауіп туып отыр. Мұның барлығы әруақыттарда Ақ үй мен конгрестерде шығарылатын сауда бостандығы туралы құрғақ даурықпалы декларацияларға қайшы келетіндігін ерекше атап көрсетудің қажеті де жоқ».

«Дагенс нюхетер» газеті АҚШ-тың өкілдер палатасының құрылыс картонына салықты өсіру өсіру жөніндегі қарарына байланысты былай деп жазады: бұл шара швед құрылыс картонының АҚШ-қа шығаратын экспортын жоюға хауіп тудырады. Егер экспорттан алынатын салық өсірілсе, онда швед бағалары конкуренцияға түсе алмайды, деп жазады «Дагенс нюхетер». Егер біз бағаны көтітсек, деп жазады онан әрі газет, онда американдықтар біз ішкі рынокта сендердің бағаларыңнан арзан бағамен сатамыз деп мәлімдеп, қосымша «антидемпинговдық жыйнау» салған болар еді.

Газет АҚШ-тағы швед елшісінің бұл мәселе жөніндегі «қатаң қарсылық білдіру түріндегі» мәлімдемесін еске салады. Бұл мәлімдемеде былай деп атап көрсетілген: «егер Американ сауда саласында халықаралық келісімдерге бұлай қарайтын болса, онда шетелдіктер американдықтардың халықаралық міндеттемесіне сенімін жоғалтуы мүмкін».

„Австрияның халық оппозициясының" Вена халқына үндеуі

ВЕНА, 11 август. (СОТА). Алдағы сайлауға байланысты «Австрияның халық оппозициясының президиумы Вена халқына арнап мынадай үндеу жариялады:

1954 жылғы 17 октябрьде Венаның ландтагі мен қауымдар советінің және аудандық өкілдіктерінің сайлауы өткізіледі. Сайлау қорытындысының Вена еңбекшілері үшін зор маңызы бар. Бұл органдарда өз өкілдері қаншалықты болатындығы Вена еңбекшілеріне байланысты.

Халық оппозициясы өзі құрылғаннан бергі уақыт ішінде түгелінен еңбекші халықтың мүдделерін көздейтінін көрсетті. Халық оппозициясы Вена еңбекшілерінің тұрмыс жағдайларын жақсарту жолында күресуші сайлау бірлестігі болып табылады.

Халық оппозициясы тәуелсіз, демократиялы Австрия үшін, еліміздегі бейбітшілік, бостандық және прогресс үшін, семьялардың бақытты тұрмысы мен біздің балаларымыздың болашағы қамтамасыз етілетін Венаның экономикасы мен мәдениетінің гүлденуі үшін күресуде.

ГДР ЭКОНОМИКАСЫ ӨРЛЕУ ҮСТІНДЕ

БЕРЛИН, 13 август. (СОТА). 1954 жылғы екінші тоқсанда халық шаруашылығы жоспарының орындалу қорытындылары туралы ГДР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жанындағы Орталық статистика басқармасының хабары жарияланды.

ГДР өнеркәсібі өндірісінің жоспары 100,5 процент орындалған. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 1954 жылдың екінші тоқсанында өнімнің мөлшері 12,5 процент артық болып отыр.

Екінші тоқсанда ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында да жаңа табыстарға қол жетті. Еңбекші шаруалардың ауыл шаруашылығы— өндірістік кооперативтеріне өз еріктерімен бірігуі нәтижесінде быйылғы жылдың бірінші жартысында кооперативтердің саны 4691-ден 4974-ке дейін өсті.

1954 жылғы екінші тоқсанда сыртқы және ішкі сауданың мөлшері 1953 жылдың сол мерзімімен салыстырғанда 48 процент өсті. Батыс Германиямен сауда 1953 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда үш есе артты.

1954 жылғы екінші тоқсанда еңбекшілерді азық- түлік өнімдерімен және көпшілік тұтынатын товарлармен жабдықтау жақсарды. 1953 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда бөлшек сауданың мөлшері 18 процент өсті.

Сол сияқты, мәдениет және денсаулық сақтау саласында да елеулі табыстарға қол жетті.

ФРАНЦИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫ ПАРЛАМЕНТТІК ТОПТАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЫ

ПАРИЖ, 13 август. (СОТА). Франс пресс агенттігінің хабарына қарағанда, парламенттік топтар өкілдерінің бүгін болған мәжілісі ұлттық жыйналысқа 26 және 27 августа Тунис пен Мароккоға туралы мәселені талқылауды, ал 28 августа «европалық қорғаныс бірлестігі туралы» мәселені талқылауға кірісуді және оны 29-30 және 31 августа онан әрі созуды ұсынуға ұйғарды.

ТЕҢІЗДЕРДІ МҰНАЙМЕН ЛАЙЛАНДЫРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯҒА СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ҚОЛ ҚОЮЫ

ЛОНДОН, 12 август. (СОТА). 11 августа ССРО-ның Великобританиядағы Елшісі Я.А. Малик теңіздерді мұнаймен лайландыруға жол бермеу жөніндегі халықаралық конвенцияға қол қойды. Я.А. Малик бұл конвенцияны ССР Одағының Жоғарғы Советі бекітуге тиіс деп жазбаша түрде ескерту жасаған.

ФРАНЦУЗ ПАРЛАМЕНТІНДЕ «ЕВРОПАЛЫҚ АРМИЯ» ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛУЫ

ПАРИЖ, 13 август. (СОТА). Франс Пресс агенттігі 107 дауыс қарсы болған жағдайда 510 дауыспен бүгін ұлттық жыйналыстың парламенттік топтар өкілдері кеңесінің ұлттық жыйналыста Тунис пен Мароккоға туралы мәселені 26 және 27 августа, ал, Париж және Бонн договорлары жөніндегі мәселені 28, 29, 30 және 31 августа талқылау жөніндегі ұсынысын мақұлдағанын хабарлады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Кинолларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҰЛДЫЗДАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢІЛДІ ЖҰЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында **«Батырдың қалыңдығы»** деген көркем суретті жаңа кинофильм көрсете бастайды.

Фильмді Венгер Мемлекеттік киностудиясы 1953 жылы жасап шығарған.

КОРЕЯНЫҢ АЗАТ ЕТІЛУІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ПХЕНЬЯН, 11 август. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасында Совет Армиясының Кореяны азат етуінің он жылдығын мейрамдауға қызу әзірлік жүргізілуде. Пхеньянда, провинциялар мен уездердің орталықтарында, деревняларда осы мерекелі күнге арнаған лекциялар мен әңгімелер өткізілді, фотосурет көрмелері ұйымдастырылуда.

Бүгін Солтүстік Кореяда совет фильмдерінің фестивалі басталады.

Мейрамға корей жазушылары, ақындары, композиторлары мен суретшілер де әзірленуде. Азат етілу күнінің құрметіне әдебиет, музыка және бейнелеу искусствосы саласындағы таңдаулы шығармаларға конкурс ұйымдастырылды.

Көркем өнерпазшыларды іріктеп алып байқау өткізу аяқталды. Бұл байқауларға елу мыңнан аса адам қатысты. Қорытынды байқау Пхеньянда августың екінші жартысында болады. 12—16 августа Пхеньянның қалпына келтірілген стадионында жеңіл атлетикадан, футболдан, баскетболдан, волейболдан және ұлттық күрестен бүкілкорейлік спартакиада өткізіледі.

АҚШ-ТЫҢ КАУЧУК ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕУІЛІ

НЬЮ-ЙОРК, 13 август. (СОТА). Юнайтед пресс агенттігі тілшісінің Кливленттен берген хабарына қарағанда, кеше түн ортасында «Файрстон тайр энд раббер» компаниясының каучук өнеркәсібінің сегіз кәсіпорында 25 мың жұмысшысының ереуілі басталған. Ереуілшілер жалақының арттырылуын талап етуде.

МХР-дің халық шаруашылығын өркендетудегі табыстары

УЛАН-БАТОР, 13 август. (СОТА). Бүгін баспасөзде Монгол Халық Республикасының Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының 1954 жылғы бірінші жартыжылдықта МХР халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарының орындалу қорытындылары туралы хабары жарияланды.

Хабарда келтірілген мәліметтер республиканың халық шаруашылығының негізгі саласы—мал шаруашылығының үздіксіз өркенден келе жатқандығын сыйпаттайды. Төлдерді өсіруде елеулі табыстарға қол жетті. 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік шаруашылықтар төлді өткен жылғыдан 29,5 процент артық алды. Арат шаруашылықтарында алынған төлдің 97,6 проценті сақталған. Төлдердің шығынға ұшырауы өткен жылғыдан 30 процент кеміді.

Бірінші жартыжылдықта өнеркәсіп өнімінің мөлшері өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 12,9 процент артты. Көмір өндіру және оны тасымалдау, электр қуатын, құрылыс материалдарын, кірпіш, әк және басқаларын өндіру жөніндегі тапсырмалар артығымен орындалды.

1954 жылғы бірінші жартыжылдықта Монгол Халық- Революциялық партиясы мен үкметі еңбекшілердің материалдық жағдайын жақсартуға бағытталған бірқатар аса маңызды шараларды жүзеге асырды.

Мұнымен қатар, үкмет мәдени-тұрмыстық құрылысқа да көп қаржы жұмсады. Бірінші жартыжылдықта республикалық фармацевтикалық завод, Улан-Батордағы, Гобиалтай және Байнхонтор аймақтарындағы мектептердің үйлері, көп пәтерлі тұрғын үйлер және басқа бірқатар құрылыстар пайдалануға берілді.

Бірінші жартыжылдықта өткен жылдың осы мерзіміндегіден еңбекшілерге товар 26 процент артық сатылды.

АМЕРИКАН РЕАКЦИЯСЫ ОЗБЫРЛАНА ТҮСУДЕ

ВАШИНГТОН, 13 август. (СОТА). Американ сенаты АҚШ-тың коммунистік партиясына тыйым салу туралы қарар қабылдаған.

Коммунистік партияға тыйым салу туралы ұсыныс «арандатушылық әрекеттерге бақылау жасау туралы заңды» қайта қарау туралы заң жобасын онан әрі кеңейту мақсатымен қосымша ретінде енгізіліп отыр.

Сенаттың бұл қарарының күшіне енуі үшін оны өкілдер палатасы мақұлдауға және оған президент қол қоюға тиіс.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02086. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.